

Жуырда Назарбаев зияткерлік мектебінің оқушылары жүрек ауруларын анықтайтын жаңа құрылғы ойлап тапты. Жас ғалымдар жобаны жарыққа шығаруға бір жылға жуық уақыт жұмсаған. Аппараттың ЭКГ құрылғысынан айырмашылығы да көп, сондықтан қолданысқа енсе, тұрғындар денсаулығы үшін тиімді болады дейді жоба авторлары.

ӘЛЕМДІК БАЛАМАСЫ ЖОҚ ЖАҢА ҚҰРЫЛАҒЫ

Гүлдана ЖҰМАДИН



12 сынып оқушысы Гүлдана Сәбитқызының айтуынша, құрылғы жайлы идея сабақ барысында пайда болған. Жүрек қауып ерте анықтауды көздеген оқушыға еліміздегі статистика көрсеткіштері де айтарлықтай ықпал етіпті.

— Мені бала күннен жүрек қызметі ерекше қызықтырады, себебі жүрек денедегі қан айналымын ретке келтіріп, тоқтаусыз жұмыс істейтін аса маңызды бұйым екенін білеміз. Біз 12 сыныптың екінші тоқсанында жүрек тақырыбын жүйелі түрде өте бастадық. Пән мұғалімі Ербол Еділбайұлы кардиограмманы үйренкен сәттен бастап бізде осы құрылғыға деген қызығушылық пайда болды және зерттей келе, елімізде екі миллион адамның жүрек-қан тамыры ауруымен есепте тұрғанын, әрі өлім көрсеткіші бойынша алдыңғы орында екенін анықтадық. Сол себепті жүрек қауауларын барынша ерте анықтаса, адам өмірін сақтап қалуға болатынын түсіндік. Осы орайда жүрек қауауларын алдын-ала анықтау үшін қолайлы электрокардиограф жасап, «Aqduino» платформасы арқылы массаж жасай алатын құрылғы жобасын қолға алдық, — дейді Г. Сәбитқызы.

Құрылғыны жобалау барысында жоба авторы Гүлдана мен Дәулет алдымен әлемдік әдебиетке көз жүгірткен, содан кейін ЭКГ құрылғыларын зерттей бастапты. Салыстыра келе кейбір құралдардың көмші тұстарын байқаған оларға информатика пәнінің мұғалімі Әділжан Науанов көп көмек көрсетті.

— Құрылғыны құрастырған алғашқы кезеңде біршама қателік болды. Мәселен, бағдарлама дұрыс жүрмей қалды, оның әсерінен палата да істен шықты. Бірақ осы мәселелерді шешу арқылы үлкен

тәжірибе жинадық. Біз құрылғыны ойлап тапқан құрылғының ЭКГ аппаратынан басты ерекшелігі — тек қана кардиограмма шығарып қана қоймай, оны өз бетінше оқып, тұтынушының қал-жағдайы жайлы ақпарат беруінде. Егер тұтынушыда жүрек ауытқуы немесе қауып анықталса, құрылғы ұсыныс беріп, массаж жасау мүмкіндігін қарастырады. Сондай-ақ тұтынушы құрылғыны үй жағдайында да пайдалана алады, қолданылуы оңай әрі қолжетімді. Тағы бір маңызды жайт, аспапта қателіктің (стандартты ауытқуы) шамасы аз. Егер құрылғы қолданысқа енсе, ауруханада кезекте тұрып, дәрігер диагнозын күтудің қажеті жоқ, себебі аппаратты қолдану үй жағдайында қолжетімді болады. Өз кезегінде бұл уақыт үнемдейді. Жаңа аппарат ақшалай шығынды қажет етпейді, яғни экономикалық түрде өте тиімді. Сондай-ақ оны барлық жастағы адамдар қолдана алады. Қарапайым ғана құрылғы қауіпсіздік ережелерін сақтап, қауіп-қатерді азайтады, әрі медицина саласына белсенді түрде енгізуге жол ашды, — дейді жас ойлапталыш.

Бүгінде жаңа құрылғы елімізде жиі таралған 10 ауру түрін анықтай алады. Бірақ жас ғалымдар мұнымен тоқтап қалмай, құрылғыны жетілдіру үстінде. Алдағы уақытта жобаны фонокардиография (жүректің дауыс ырғағын беру) қосу арқылы дамыту көзделуде.

— Құрылғыны қолдану ыңғайлы әрі жеңіл болу үшін интерфейсін қарапайым етіп, функция құрылымын күрделендірудіміз. Аппараттың негізгі функциясына тоқталсақ, лабораторияда құрастырылып, тексерістен өткен электрокардиограф тамырдың келетін сигналдарды қабылдап,

жүректің қаншалықты жиі интервалда соғатынын нақты көрсетеді. Графикті экраннан беру арқылы, оны дәлдікпен оқыды және тұтынушының қал-жағдайына хабар береді. Мәселен, тұтынушының пульсы 71-ді көрсетсе, экран бетіне графикамен қоса, «қалыпты нормаға сәйкес, интервалдар арақашықтығы тең. Жүрек соғысы біркәліпті» деген ақпарат шығады. Себебі тыныштық кезінде ересек адамдарда жүрек біркәліпті 60-90 рет, ал балаларда минутына 70-100 рет соғады. Бұл — қалыпты жағдай. Егер бұл шама қалыпты мөлшерден асып кетсе, сәйкес интервалдар арқылы ауру типін анықтап, ұсыныс жасайды. Сонымен қатар аппарат тұтынушының жағдайына қарай массаж уақыты мен оны қалай жасау керекін хабарлап, массаж жасау құрылғысын іске қосады, — дейді кейіпкеріміз.

Өзіре жүрек қауып анықтайтын сенімді әрі нақты ақпарат жасау бұл құрылғының әлемдік тәжірибеде баламасы жоқ. Сол үшін жоба авторлары құрылғыны патенттеуге қадам жасауда. Айта кетейік, құрылғы — Гүлдана мен Дәулеттің биология пәні бойынша бірігіп жасаған алғашқы жобасы.

Осыған дейін Гүлдана Сәбитқызы қазақ тілі және әдебиет пәнінен өткен пәндік олимпиаданың облыстық, республикалық деңгейінде I орынды жеңіп алған. Сондай-ақ геология ілімі бойынша ұйымдастырылған халықаралық IESO олимпиадасының II орын жүлдегері. Ал Дәулет «Кас Өркен» республикалық балалар сыйлығының «Жас Эколог» номинациясы бойынша гран-при иегері, «Санға» би коллективінің мүшесі. Жас өнертапқыштар құрылғыны облыстық ғылыми жобалар сайысында сәтті қорғап, бас жүлдені иеленген.

Жаннан қымбат оларға ар,
Мен жастарға сенім,
Маған

АҚМЕШІТ жастары

Қызылорда облыстық жастар газеті

Гәзет 2013 жылдың қыркүйек айынан бастап шығады

№ 51 (380)
24 желтоқсан, 2020 жыл

Мағжан ШАМШАДИН, дзюдодан Қазақстан чемпионы:

БАР ҮМІТІМ ПАРИЖ ОЛИМПИАДАСЫ

Сыр бойында жапон спортының шоқтығы биік. Бір емес бірнеше спортшымыз дзюдодан өл намысын Олимпиада ойындарында қорғады. Жамал Бозова, Жанар Жанұзынова, Нұрғұл Тағаева, Әділхан Қозыбаевтың ізбасарлары атта басында Ақтауда Қазақстан біріншілігінде бақ сынады. Бір қызығы, соңғы кездері татамидың тұғыры өңір спортшыларына бұйырмай жүрді. Бұл жолы Мағжан Шамшадин қызылордалықтарды жарқын жеңісімен қуантты. Жарыс аяқтала салысымен батыр үлмен байланыс орнатып, жедел сұхбат ұйымдастырдық.

Ерасыл ШӨРІБЕК

— Мағжан, жеңіс құтты болсын! Қазақстан чемпионатының биік тұғыры Сыр балуандарына бағынбай жүргеніне біршама уақыт болды. Үзіліп қалған чемпионды қайта жалғағаныңа қуаныштымыз. Ақтаудағы аламан қалай өтті?

— Рақмет. Биыл коронавирус пандемиясының қауіптілігіне байланысты татами мен жарыстардан біраз шеттетіліп қалды. Жыл басында жоспарланған біршама жұмысымыз тоқтап қалды. Осындай қиын кезеңде батылдығын танытып, ел біріншілігін өтуі оңай шешім емес. Аталған жарыс әуелі Атырауда жоспарланды.



жарыстан тыс қалуы. Бұл жаңалық сіздің жеңісіңізге қаншалықты әсер етті?

— Еліміздің мақтанышы Елдос Сметов денсаулығына байланысты жарысқа қатыса алмады. Бір жағынан, Олимпиада ойындарына қатысатын болғандықтан, ең бастысы, денсаулық қой. Сондықтан Елдостың бұл шешімін дұрыс деп санаймын. Бірақ Елдос біріншілікке қатысқанда сайыс өте жоғары деңгейде өтер еді. Егер аяқтасқан жолымыз түпкісіне белдесуге дайын едім. Бақ шаба ма, бап шаба ма демекші, Елдос қатысқанын өзіңде чемпион болып кетер ме едім (күліп).



Одан кейін елордала болады деді. Кейіннен ересектер арасындағы Қазақстан чемпионаты Ақтауға ауысты. Ұзақ үзілісте татамиден тыс қалған дзюдощылар үшін біріншілік оңай соқпағаны белгілі. Төрт күнге созылған байрақты бәсекелес Нұр-Сұлтан, Алматы және Шымкент қалалары мен еліміздің 14 облысынан 273 дзюдощы қатысты. Барлығы жүлдегер болсам деген ниетпен келді. Сайысқа сағынып оралған соң барлығы барын салды. Қорыта айтқанда, аламан тартысты өтті.

— 60 келі салмақ дәрежесінде мықты балуандар жетерлік. Жарыс барысында қай спортшымен сыңа түскен қиын болды?

— 60 келіде 27 татами шебері бақ сынады. Барлығының әдіс-тәсілдерін білемін. Өйткені жарыс алдында Алматы және Шымкент қалаларында оқу-жаттығу жиынын өткіздік. Бір-бірімізді жақсы білеміз. Мынау осал, мынау мықты дей алмаймын. Өйткені барлығының дәрежесі бір. Біреуінде бағым жанса, біреуінде сәттілік жолдас болды деуге келеді. Енді финал үшін айқас көз келген жағдайда тартысты өтеді. Алматы облысының балуаны Дәурен Сүйеменовтен жақсы белдесу болды. Дәуренді жеңіп, аяқтас сайыстың жолдамасын жеңіп алдым. Ал, Дәурен қола үшін өтетін жұбынаш белдесуінде өнер көрсетті.

— Биылғы біріншіліктің басты жаңалығы Елдос Сметовтың

— Финалдық бәсекелес тоқталықшы. Алматы облысының екілі Дамир Болтабековпен өткен аяқтас айқас сіз үшін қиындық тудырмаған сынайыл?

— Жоғарыда аталғандай Дамирмен 2 ай бірге оқу-жаттығу жиынында болдым. Екеуіміз де бір-бірімізді жақсы білеміз. Финалда қылғындыру әдісімен жеңдім. Негізгі Дамир көп жағдайда қарсы шабуылға шығатын. Бірақ Ақтаудағы аламанда ондай тактикасын көре алмадым. Сондықтан жеңіс маған жақын болды.

— Біріншілік барысында өнер көрсеткен Қызылорда облысының дзюдощыларына қандай баға бересіз?

— Біздің облыстың құрамына қандай жарыс болсын үздіктер қатарында жүреді. Үздік екенін Ақтауда тағы бір дәлелдеді. Жарыс болған соң біреуі жеңеді, біреуі жеңіледі. Тұтастай құрамның жүлде алуы спортта сирек кездеседі. Сондықтан жақсы деген баға беремін. 1 алтын, 2 күміс, 3 қола жүлдемен командалық есепте бестікке ендік.

— Мағжанды алда қандай жарыстар күтіп тұр?

— 2021 жылға біраз жоспарларым бар. Әуелі дүние жүзінде дүрбелеңге салған дерттен аман өткені, әлем чемпионаты мен Азия біріншілігі қайта жалғасын табады. Осы қос сайыс менің басты жоспарым. Екеуінде де үздіктер қатарына өнім. 2024 жылы Парижде өтетін Олимпиада ойынына жолдама алсам деген ниетім бар. Ол үшін халықаралық додаларда сәтті өнер көрсетіп, ұпай қорын молайтуға тиіспін. Сонымен қатар жаңа жылда өтетін Қазақстан чемпионатында чемпиондық атағымды қорғап қалсам деймін.

— Ұлттық құрамның бас бапкері Ғалымжан Жылғелдиев жарыста жеңімпаз болған жаңа есімдерді Париж Олимпиадасына дайындаймыз деп қалды. Жалпы өзіңде Олимпиадаға қатысу үміті қаншалықты басым?

— Олимпиаданы көріп, ел қорқынына жүлде салу басты арманым. Құдай қаласа, 2024 жылы Париж татаминде қалайда қатысуға еңбек етемін. Бастысы, жарақаттан аман болсақ болғаны.

— Мағжан, таудай талабыңа «Ақмешіт жастары» басылымы сәттілік тілейді.



3
Несие тарихын жақсарту мүмкін бе?



4
Баға қайда барасыз?



6
2021 жылдың ең үздік көліктері

Зиялы қауыммен кездесті

Nur Otan партиясының сайлауалды бағдарламасын түсіндіру мақсатында аудандық мәслихат депутаттығына кандидаттар ауданның зиялы қауым өкілдерімен кездесті.



Кездесуде ауданымыздың құрметті азаматы, Журналистер Одағының мүшесі, композитор Өркен Исмайл және Nur

Otan партиясынан аудандық мәслихатқа кандидаттар, партия мүшелері болды. Шараың Nur Otan партиясының Шиелі аудандық филиалы

төрағасының бірінші орынбасары Патима Маханбет жүргізіп, партияның сайлауалды бағдарламасымен таныстырды.

Мақала авторы Nur Otan партиясының Қызылорда облысы Шиелі аудандық сайлау қорының қаражатынан төленді.

МӘМС: САНА ӨЗГЕРМЕЙ, ТАЛАП ӨЗГЕРМЕЙДІ

Әлеуметтік медициналық сақтандыру 2020 жылы халыққа өзінің игілігін көрсететін денсаулық сақтау саласының маңызды реформасы болу керек еді. Дегенмен, 10 айдың қорытындысы бойынша сақтандыру жүйесінің кем-кетік тұстары жетіп артылады.



Әу бастан-ақ, реформаға қарсы болғандардың саны аз болған жоқ. Әлеуметтік жағдайы сын көтермейтін халық медициналық сақтандырудан не күткенін біле алар емес? Сақтандыруға дейін жеке клиникаларға жылына 600 мың теңге қалтасынан қаржы жұмсап келген қазақстандықтар енді жерде өз қаржысын осы 11 айда үнемдей алды ма, бұл маңызды сұрақ.

Әрине ресми деректерге көз жүгіртетін болсақ, көпіндейірі тегін медициналық көмек шенберінде биылғы жылдың өзінде Қызылорда облысына 44 901 081 теңге бөлінген. Одан бөлек, МӘМС шеңберінде жұмыс берушілер, кәсіпкерлер, азаматтық-құқықтық сипаттағы шарт бойынша еңбек ететін және тұлғалар тарапынан аударымдар да бар. Жүйе іске қосылған аралықта Қызылорда облысының тұрғындары әлеуметтік медициналық сақтандыру қорына 13 млрд. теңге аударды, оның 10,7 млрд. теңгесі (82,3%) жұмыс берушілердің аударымдары болса, қалған 2,3 млрд. теңге (17,7%) - жеке кәсіпкерлер мен азаматтық-құқықтық кәсіпшарлар негізінде еңбек ететін тұлғаларға тиесілі. Айта кететін жағдай, облысқа қор тарапынан 2020 жылға қарапған қаржы 17 931 165 мың теңгені құраған, яғни облыс тұрғындары аударған қаражаттан артық сомма. Бағамдасарак қарамақ түспі жатыр. Олай болса, медициналық көмектің және медициналық қызметтің деңгейі, сапасы неге сын көтермей тұр?

Осы және өзге де медициналық сақтандыру жүйесі төңірегінде сауалдар «Шыңарқа» аналар мен ханымдар қоғамдық бірлестігінің «Әлеуметтік медициналық сақтандыру қоры» ҚЕАҚ Қызылорда облысы бойынша филиалымен өткізген дөңгелек үстел аясында талқыланды. Шара «Қазақстандықтардың МӘМС-не жұмсалатын шығынына талдау жасау арқылы бағдарламаны өңдеудің тиімділігіне баға беру» жобасы шеңберінде өткізілді.

Дөңгелек үстел барысында «Әлеуметтік медициналық сақтандыру қоры» ҚЕАҚ Қызылорда облысы бойынша филиалының директоры Бақыт Торғабайұлы бір жылға жуық уақыт аралығында қор тарапынан ақпараттық-түсіндірмелік жұмыстардың үздіксіз жүргізілуіне қарамастан, көпшілік әлі де болса МӘМС жүйесінің артықшылықтарын түсіне алар емес дейді. Себебі, сақтандыру жүйесінің қалыптасуы жүргізілуі үшін тұрғындар мен қоша медициналық қызметкерлер де денсаулық сақтау сұрақтарына қатысты көнерік психологиядан арылу керек деген көзқараста.

«Әрине, медициналық сақтандыру төңірегінде біздің өңірдің өзінде ғана түйткілді бірнеше мәселе бар. Атап айтсақ, Байқоңыр қаласы тұрғындарына қарасты медициналық сақтандыру сұрақтары, халықтың әлеуметтік жағдайы мен қорға жарна аудару деңгейі төмен. Одан бөлек, емханаларда халықпен тікелей жұмыс істеп түсіндіру жұмыстарын жүргізетін айқын, аударатқын, көп-орталық мамандарының коммуникативті дағдысының аздығы да бар. Бұл бағытта біліктілікті арттыру курстары үздіксіз жүргізілгенмен, халықтың жалпы денсаулық сақтау мәселесіне деген көзқарасын өзгертемі, жағдай өзгермейді» деп атап өтті қор филиалының басшысы.

Рәсіммен, «Шыңарқа» аналар мен ханымдар

қоғамдық бірлестігінің шара аясында жүргізілген сауалнамасы барысында тұрғындардың басым бөлігі медициналық сақтандыру туралы хабардар болғанымен, жүйе шеңберінде қосылғанды тегін медициналық көмек көруінің артықшылығына оны оқип жатқан қалың оқырман жоқ. Арнайы колл-орталық, мобильді қосымша бар болғанымен жыл басынан бері түскен ресми арыз-шағым саны -149. Облыс көлемінде тұрғындар тарапынан сауал жоқ емес, бар. Бірақ коммуникация құралдарын халық пайдаланбайды дейді.

Олай болса, біз МӘМС шеңберінде қазақстандықтар ие болған бірнеше мүмкіндіктерді атап өтсек:

1. Тегін медициналық көмектің кепілдік берілген көлемі шеңберінде және міндетті әлеуметтік медициналық сақтандыру жүйесінде тегін берілетін дәрі-дәрмектің тізімі артты. Толық тізбе (ҚР Денсаулық сақтау министрінің Тегін медициналық көмектің кепілдік берілген көлемі шеңберінде және міндетті әлеуметтік медициналық сақтандыру жүйесінде дәрілік заттармен және медициналық бұйымдармен қамтамасыз етілуіне, оның ішінде белгілі бір аурулары (жай-күйі) бар азаматтардың жеке-кепеген санаттарын, амбулаториялық деңгейде тегін және (немесе) жеңілдік берілетін дәрілік заттардың, медициналық бұйымдардың және мамандандырылған емдік әдістердің тізбесін белгілеу туралы №666 бұйрығы).

2. Жоғары технологиялық тегін көмек (жоғары технологиялық көмек – медицинадағы күрделі, бірегей технологиялардың, жемпелі, біліктілігі жоғары мамандар тарапынан жасалатын қызмет түрлері. Оған: жүрекке жасалатын операциялар, жүрек бауыр, бүйрек алмастыру, мидағы ісікті сынып алу, тұқым қуалайтын және жүйелік ауруларды, лейкоз, эндокриндік ауруларды анықтауын емдеу, аса күрделі хирургиялық ота түрлері жатады), жоғары ем қажет болған жағдайда УДЗ, КТ, МРТ сынды қызметтерден бастап жоғарғы технологиялық көмек түрлеріне дейінгі аралықтағы қызмет түрлері;

3. Зертханалық диагностика (бүгін дейін ақылы болып келген зертханалық диагностика қызметі) микроэлементтерді, ферменттерді, дәрілік заттарды биохимиялық зерттеу сынды 750 қызмет түрі;

4. Мамандандырылған, оның ішінде стационарлық медициналық көмек (үй ауруханасы, күндізгі стационар, тәулі бойы жұмыс істейтін аурухана);

5. Медициналық оңалту. Айта кеткен жөн, тиісті орындар МӘМС есебінен тегін медициналық көмек көрсетуден бас тартқан жағдайда, азаматтар Qoldai мобильді қосымшасы арқылы тәулі бойы оңалтудан алады. Әлеуметтік медициналық сақтандыру қоры пациенттердің құқықтарын қорғаушы ретінде өтінішті қарап, қажетті шараларды қабылдайды.

Өйгірім ҚОЖАХМЕТ, «Шыңарқа» аналар мен ханымдар қоғамдық бірлестігінің атқарушы директоры



«Nur Otan» партиясы Қызылорда облысының Сайлау қорының қаражатынан төленді



«Nur Otan» партиясы Қызылорда облысының Сайлау қорының қаражатынан төленді



«Nur Otan» партиясы Қызылорда облысының Сайлау қорының қаражатынан төленді

Бүгінде Елбасы Н.Назарбаевтың «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» атты бағдарламалық мақаласы аясында Сыр өліңің білім беру саласында да атқарылып жатқан жұмыстар жетерлік. Қазақ өліңің ұлық мерекесі – Тәуелсіздік күні қарсаңында қаладағы №7 мектеп-лицейде ашылған «CO-WORKING» орталығы – осы сөзімізге дәлел.

№7 МЕКТЕП-ЛИЦЕЙДЕГІ ОРТАЛЫҚ

– Коворкинг орталығын ұйымдастырудағы негізгі мақсат – әлеуметтік маңызы бар бастамаларды, жобаларды және ұстаздар мен шәкірттердің бірлесіп жұмыс жүргізуі үшін қолайлы алаң ұйымдастыру. Орталықта интеллектуалды ойындар, көрмелер өткізуге, вебинар және фильм көруге мүмкіндік жасалған. «Book crossing», «Start up» секілді бұрыштарды қамтыған бұл заманауи «CO-WORKING» орталығы басын бос уақытын тиімді пайдалану әрі жан-жақты дамуына толық жағдай жасап, орталыққа келген адамға өзінің сүйікті ісімен айналысуына, жастардың бизнес, шығармашылық, оқу бағдарламалары асырамады креативті жобаларын жарыққа шығарып, жүзеге асыруға мүмкіндік береді, – дейді идея авторы, №7 мектеп-лицей директоры Ануза Аманжолқызы.

Мектеп директорының айтуынша, коворкинг орталығын безендірудің өзі – тұнып тұрған еңбек, талант, шеберлік. Аталған орталықтың сәні мен көркін келтіріп, жұмысына жан бітіріп тұрған

көрнекіліктер мен безендірулерді білім ордасының ұстаздары жасаған көрінеді. Бұл орайда мектептегі «Өнер бірлестігін», оның ішінде, Өмірбек Есенбаев, Мінажат Жылқыбаев, Айдар Маханов, Наталья Сыртысқас, Ақмарал Әліева, Жанна Әбілқайырова секілді мұғалімдерді ерекше атап өтуге болады.

Шәкірт мен мұғалімнің жан-жақты дамуына барлық жағдай жасалған орталықтың мерекелік орайластырылған салтанатты ашылуына қалыптасқан білім бөлімінің әдіскері Фалия Ермағанбетқызы, мектепшілік әкелер мектебінің төрағасы Жамбыл Ахметов, Қамқоршылық кеңесі төрағасының орынбасары Мұрат Әбдіраманов және ардагер ұстаз Ғалым Басарұлы қатысып, сәттілік тіледі. – Салтанатты кеште мектеп-лицейдің математика пәнінің мұғалімі Қымбат Маханбетова орталықта өз арнауын оқыса, қарашаның талантты оқушылары әуелете ән айтып, күмбірілеген күйден шашу шашты.

Н. ЕРТУҒАҢҒҰЛЫ

ПАЙДА МЕН ЗИЯН

Бүгінде оқушылардың да, студенттердің де қашықтан оқып жатқаны белгілі. Бұл ата-анаға да, мұғалімге де оңайға соқпайды. Дегенмен ғаламтоттың дамыған тұсында бар қиындық артта қалып келеді. Оқушының да, ата-ананың да үйден сабақ оқуы, тапсырманы уақытылы орындауы әдетке айналады. Осылайша ата-ана мен мұғалім арасындағы байланыс нығая түсті. Десе де қашықтан оқудың да, оқытудың да өз машақаты бар. Оны әлеуметтік желілерде шарлаған видеолардан аңғаруға болады. Бұл шынымен де үлкен сынақ болды. Балаңыз оқуымен қоса төрбесің де мұғалімге ысыра салған ата-аналар үшін үлкен қиындық туды. Олар да өз сөзінде мұғалімнің еңбегі зор екенін мойындады. Бүгінде Қазақстанда қашықтан оқу жаңалық болмай қалды.

Мұғалімдердің, ата-аналардың және оқушылардың пікірі білім берудің бұл формасында өзін-өзі тәрбиелеу үлкен рөл атқарады деген ортақ аңаға тоғысты. Мысалы, қашықтан оқу басталғалы жауапкершілігі мықты шәкірттердің, сырттан сырттан білім алатын оқушылардың, қызылордалық оқушылардың бақылауынан, оқушылардың көзқарасынан қысылатын кейбір балапандың қашықтан оқып кезінде сабақ үлгерімі ітерілеген. Себебі, ол көп нәрсеге көңіл аудармай, сабақ

процесімен ғана әуре болады. Түрлі тұлғалармен сабақтан қалатын оқушылар да қашықтан оқып кезінде еріксіз сабақ оқи бастағаны айқын. Оқушылар ауырып қалған жағдайда да смартфон, компьютерін қосып, түрлі тапсырмаларды орындай беруге ешқандай кедергі жоқ. Сондықтан қашықтан оқыту оқушының ұзақ уақыт ауырып қалған кезінде де мектеп бағдарламасымен танысуға көмектеседі. Оқу ыңғайлы жерді қажет етеді. Ыңғайлы ортада оқытудың маңызы

зор. Еуропа елдерінің қашықтан оқыту жүйесіне көшенің көп уақыт болды. Олар үшін қашықтан оқыту қалыпты жағдай. Бүгінгі біздің қолданып отырған Zoom, Classroom бағдарламалары он жыл бұрын қолданыла бастады. Бұл бағдарламаларда екі мыңға адам жұмыс істейді. Біздегі басты кемшілік ұстаздар мен оқушыларда емес. Басты қиындық тұтығаны, интернет желісінің баулыны. Бүгінде оқпалықтардың орнын толтырып келеміз.

Мәлдір СҮЙЕУБАЕВА

Бәтті дайындаған: Мәлдір САБЫРХАН

НЕСИЕ ТАРИХЫ ҚАЛАЙ БҰЗЫЛАДЫ?

Әр банктің несиесі тарихын бағалауда өз саясаты бар. Несиелік бірлестіктер мен ҚР несиелік тарихтарын қалыптастыру туралы» ҚР Заңына сәйкес, несиелік тарихындағы мәлімет соңғы жаңартудан бастап 10 жыл

ақпаратты қарап, шешім қабылдайды. Соңғы кезде халық арасында қара тізімнен шығудың жолы бар деген сыбыс айтылып жүр. Тіпті кей азаматтар бұл қызмет түрін көрсету үшін қомақты қаражат та талап етеді. Ал мамандар несиелік тарихын тазарту немесе өзгерту мүмкін емес дейді.

қаңтарынан бастап кредиттік бюро сіздің несиелік «сауықтырылған» мәртебесін береді. Егер сізге «несиелік тарихыңызды жақсартып береміз» деп қызмет ұсынушылар болса, оларға ешқашан сенбеңіз. Бұл – алаяқтық әрекет. Сондықтан қаржылай сауатыңызды арттырып,

Статистикалық мәліметтерге сүйенсек, ел азаматтарының несиесі бойынша қарызы – 6 триллион теңге. Алынған несиенің басым бөлігі – тұтынушылық несиелер жағдайы. Бұл көрсеткіш халықтың төлем қабілетінің жоғары екенін дәлелдейді. Керісінше, қазір несиені алып, төлей алмай жүргендер саны артуда. Олардың несиелік тарихы бұзылып, қара тізімге ексе, енді банктер қарыз алуы қиындайды. Әсіресе мұндай жағдай баспанасыз жүрген азаматтарға салмақ болары анық. Осы мақсатта несиелік тарихы дегеніміз не? Қара тізімнен қалай шығуға болады деген сауалдарға жауап іздеп көрейік.

НЕСИЕ ТАРИХЫН ЖАҚСARTY МҮМКІН БЕ?

көлемінде сақталады. Яғни несиелік тарихы ешқашан өшірмейді. 10 жылдан асқан несиелік тарихы туралы ақпарат ғана өзекті болмайды екен. Ал несиелік тарихы «Бірінші кредиттік бюро» субъектілермен жұмыс істеу департаментінің базасында сақталады. Несиелік тарихы төлей алмаған немесе кешіктіріп төлеген жағдайда борышкерге қатысты мәлімет банктің емес, кредиттік бюроның базасына енгізіледі. Осы тұста несиелік тарихы дегеніміз не және онда қандай мәліметтер сақталатынына тоқталсақ.

Несиелік тарихы бірінші кезекте банктер мен несиелік мекемелер үшін маңызды. Ал несиелік тарихы екінші деңгейлі банктер мен микроқаржы ұйымдарына келген ақпараттар негізінде кредиттік бюро құрады. Несиелік тарихы әртүрлі, яғни әр банктің клиентке қояр талабы бар. Бір банк несиелік тарихының бұрынғы қарызы 90 күн кешіктіріп төлегенін анықтаса, несиелік тарихында. Ал келесі банк бұл жағдайды ескермей мүмкін. Кей банктер қосалқы қарыз алушының шақырып жатса, басқа банк мамандары қосымша кепіл беруді сұрауы мүмкін. Ал несиелік тарихын электрондық үкімет, бірінші кредиттік бюро, Star-Banking www.post.kz порталынан және 1cb.kz бірінші кредиттік бюроның мобильді қосымшасы арқылы тексеруге болады.

— Банк қызметкерлерінен «сіз қара тізімдесіз» немесе «қара тізімге» кіріп кеткеніңіз» сынды сөздерді жиі естиміз. Шындығында «қара тізім» деген шартты атау ғана. Себебі несиелік тарихы сақталатын бірінші кредиттік бюро ешқандай «қара тізім» жүргізбейді. «Қара тізім» ұғымын банк қызметкерлері несиелік бірнеше мәрте кешіктіріп төлеген борышкерге қатысты қолданады. Ал несиелік тарихы жақсартудың жолы — ол жағымды төлем тәртібін қалыптастыру. Ол үшін аз сомаға немесе тауарға несиелік алып, оны уақытылы жауып жүрген жөн. Сол кезде ғана тарихы жақсарыды. Кредиторларға төлем қабілетіңізді көрсетіп, одан кейін қомақты сомаға несиелік алуға өтініш беруге болады. Несиелік тарихы жақсартудың басқа жолы жоқ, — дейді экономист сарапшы Асылбек Күздеубаев.

— Бұзылған кредиттік тарихы



несиелік тарихы

несиелік тарихы

несиелік тарихы

несиелік тарихы

несиелік тарихы

несиелік тарихы

несиелік тарихы

несиелік тарихы

несиелік тарихы

несиелік тарихы

несиелік тарихы

несиелік тарихы

несиелік тарихы

несиелік тарихы

несиелік тарихы

несиелік тарихы

несиелік тарихы

несиелік тарихы

несиелік тарихы

несиелік тарихы

несиелік тарихы

несиелік тарихы

несиелік тарихы

несиелік тарихы

несиелік тарихы

несиелік тарихы

несиелік тарихы

несиелік тарихы

несиелік тарихы

несиелік тарихы

несиелік тарихы

несиелік тарихы

несиелік тарихы

несиелік тарихы

несиелік тарихы

несиелік тарихы

несиелік тарихы

несиелік тарихы

несиелік тарихы

несиелік тарихы

несиелік тарихы

несиелік тарихы

несиелік тарихы

жақсарту үшін шағын несиелік ұйымдарға жүгінуге болады. Өйткені микрокредиттік ұйымдар жаман несиелік тарихы дұрыс емес клиенттерге қарыз береді. Ол компанияда адамдар ешқандай анықтама мен басқа да құжаттар жинамастан, бірнеше минут ішінде жылдам микрозаем рәсімдей алады. Қарызға қол жеткізгеннен кейін оны мерзімінен кешіктірмей, дәл уақытында төлеп шығу керек. «Заемшының несиесін өз мерзімінде өтегені» туралы ақпарат микроқаржы ұйымынан кредиттік бюроға түседі. Осылайша бірнеше рет несиелік тарихы рәсімдеп, міндеттемесін лайықты орындаса, тұтынушының кредиттік рейтингі көтеріледі, — дейді экономист Светлана Қасымова.

НЕСИЕНІ МЕРЗІМІНЕН БҰРЫН ЖАБҮ ТІМДІ МЕ?

Несиені мерзімінен бұрын төлеу несиелік тарихы жақсартылады. Банктердің несиелерін үнемі мерзімінен бұрын төлеп тұрғандарға несиелік тарихы жақсартылады. Өйткені екінші деңгейлі банктер мерзімінен бұрын төлеген несиелік тарихы пайда көре алмайды. Сондықтан алынған қарызды ерте жаба банкке тиімсіз. Дегенмен бұл жағдайда несиелік тарихы бұзылмайды. Тағы бір ескеретін жайт, бұрын-соңды несиелік тарихында банк қаржылай несиелік тарихы бермейді. Ол үшін тауары несиелік алып, несиелік тарихы қалыптастыру керек. Сондықтан ірі несиелік алатын болсаңыз, алдын-ала несиелік тарихы құруға әрекет жасау керек.

Қаржы сарапшыларының айтуынша, несиелік тарихы жақсартуға кем дегенде 2-3 жыл уақыт кетеді. Өйткені сіз несиелік сұраған уақытта банкті сіздің соңғы бірнеше жылдағы жағдайыңыз қызықтырады. Депозит ашу да несиелік тарихы жақсартудың бір жолы. Аз сома болса да депозитке сала берсеңіз, бұл сіздің банк алдындағы беделіңізді жақсартады. Келесі жолы несиелік сұраған кезінде несиелік тарихыңыздың нашар екеніне қарамастан, банк сіздің тұрақты салымшы екеніңізді ескереді. Быыл шыққан жаңа ережеге сәйкес, егер сіз 2020 жылдың 1 қаңтарында несиелік тарихы бұзылса, онда 2021 жылдың 1



ТҮЗЕЛМЕЙДІ, ТЕК ЖАҚСАРАДЫ

Несиелік тарихы тазалауға немесе өзгертуге болмайды. Несиелік тарихында несиелік мерзім ұзарту қай айда, қандай сомада болғаны және қанша күнге созылғаны туралы ақпараттың барлығы нақты көрсетіледі. Тіпті бұл ақпарат несиелік толық жапқаннан кейін де несиелік тарихы болып сақталады. Ал несиелік тарихындағы банк тұтынушының несиелік тарихына қарап, бұрын қандай несиелік, қандай сома мен мерзімге алғаны, оны уақытылы жауып жүр ме, жоқ па, қандай банктерден алғаны туралы

БАНК КАРТАЛАРЫНАН АБАЙ БОЛЫҢЫЗ

Бүгінде халықтың басым көпшілігі сауда жасарда банк карталарын қолданады. Тіпті қазір ақшаны қолда ұстайтындық қатары азайды. Осы тұста көпшілік банк карталарының артықшылығын, қандай жағдайда бұғатталатыны жайлы біле бермейді. Осы мақсатта ҚР Қаржы нарығын реттеу және дамыту агенттігінің Қызылорда қаласындағы өңірлік өкілдер басқармасының бас маманы Ләззат Болатқызымен сұхбаттасқан едік.

— Жалпы төлем карталарын пайдаланудың артықшылығы қандай?

— Қазір еліміздегі банктердің басым бөлігі саудаттық жасауға арналған арнайы карталарды жасап шығарды. Бұл карталардың басты артықшылығы, бонустың көп берілуінде. Ал еңбексіз алатын төлем картасы ешқандай жеңілдіктер бермейді. Оның кәдімгі төлем картасынан еш айырмашылығы жоқ. Сондықтан еңбексіз алатын төлем картасын бұғаттау шартта белгіленген бұғаттау талабына сәйкес барлық картаға арналған ортақ негізде жүзеге асырылуы мүмкін.

— Бұғаттау дегеніміз, күнделікті қолданып жүрген картаны қандай жағдайда бұғатталады? Банктердің картаны бұғаттауы қаншалықты заңды?

— Төлем картасын бұғаттау дегеніміз — төлем картасын қолданумен, оның ішінде тауарлар үшін ақы төлеу мен ақшаны шешіп алу операцияларына толық немесе ішінара тыйым салу. Қазақстан заңнамасының шеңберінде «бұғаттау» ұғымы төлем карталарына қатысты ғана қолданылады. Сондай-ақ «Төлемдер және төлем жүйелері туралы» ҚР заңының 27-бабына сәйкес клиенттің банктің шотына шығыс операциясын тоқтата тұруына сондай-ақ банктің шотындағы ақшаға тыйым салынуы мүмкін. Шығыс операциясын жүргізуге шектеу үкілетті мемлекеттік органдардың салық төлемеген жағдайда, тергеу жұмысы жүргізілген кезде, алаяқтық операцияға күдік болған кезде қолданылады. Яғни үкілетті мемлекеттік органның немесе лауазымды тұлғаның клиенттің банктік шоты бойынша шығыс операциясын тоқтата тұру туралы тиісті өкімі немесе тыйым салу актісі болған жағдайда, картаны бұғатталады. Банктік шот бойынша шығыс операциясын тоқтата тұру немесе шоттағы ақшаға тыйым салу заңнамда белгіленген тәртіпке сәйкес жүргізіледі.

— Бұғатталған картаны қалай қалыпқа келтіреміз?

— Егер төлем картаны бұғаттаса, банктің қолдау қызметіне жүгіну керек. Клиенттің банктік шотындағы ақшаны жұмсау үкілетті мемлекеттік органның немесе лауазымды тұлғаның тиісті актісі негізінде шектелген жағдайда түсінік алу үшін тиісті үкілетті мемлекеттік органға немесе лауазымды тұлғаға жүгінген дұрыс. Төлем картасы бұғатталған жағдайда, соған байланыстырылған банктік шот бойынша операция әлсіз банктің бөлімшесіне қасса арқылы жүргізіледі. Бұл ретте және басқын құлданатын құжатты қорыту керек. Егер төлем картасын клиенттің өзі бұғаттаған жағдайда ғана оны банктің интернет-ресурсында жеке кабинетте бұғаттау шығаруға болады. Төлем картасы бұғатталған не банктік шот бойынша шығыс операциясы тоқтатылған кез келген жағдайда картаның несиелік картасын жіберу керек және банк түсініктеме беруге тиіс. Егер банк әрекетіңізді заңды екеніне күмәндансаңыз, өз құқығыңызды қорғау үшін сот органына да, сол сияқты қаржы реттеушісіне де жүгіне аласыз.

— Түсінікті. Жалпы банктер картаны бұғаттайтын ескерте ме?

— Әрине, белгілі себептермен төлем картасы бұғатталатын болса, банк шартқа сәйкес клиентке тиісті хабарламаны жіберу тәртібі, тәсілі, жағдайы толық жазылған тиіс. Банк пен клиенттің мұндай қарым-қатынасы шарттық қатынастармен реттеледі.

— Банк қандай да бір транзакцияны бұғаттауға құқылы ма?

— Иә, мүмкін. Мысалы, төлем картасы бойынша күмәнді операция жүзеге асырылса, карточкамен санкцияланбаған (алаңды) операцияның алдын алу үшін банктер олардың жетекшілерінің түсініктемесін қорыту керек. Оларды белгілеу талабы мен тәртібі төлем картасын шығару туралы шартта жазылған. «Қылмыстық жолмен алынған кірістерді заңдастыруға және терроризмді қаржыландыруға қарсы іс-қимыл туралы» заңның нормаларында банктер осындай фактілердің алдын алу және жолын кесу мақсатында операцияны күдікті деп таныған кезде оны өткізгенге дейін дерек ҚР Қаржы министрі ҚМҚ-ға хабарлауға міндетті екені белгіленген.

— Қолданылмайтын банк карталарының зияны бар ма?

Халықтың басым көпшілігі жұмыс ауыстырғанда жаңа және кредит картасын ауыстыруды ұмытпайды. Салдарынан қарыз пайда болып, ол несиелік тарихына есеп етеді. Қандай жағдай болсын кез келген банк картаға қызмет көрсеткен үшін оның мерзімі аяқталғанға дейін міндетті түрде комиссия алады. Себебі картаның клиенттер базасында бар. Төленбай қалған 50 теңгенің өзі несиелік тарихына есеп ететін ескеру керек. Төлем картасын пайдаланбау картаға қызмет көрсету туралы шартты автоматты түрде бұзбайды, сондықтан клиенттің банк алдындағы және банктің клиент алдындағы құқығы мен міндеті жойылмайды. Сондықтан банктен картаның жабылғаны және базадан шығарылғаны туралы хабарлама анықтама алу керек.

— Балапалақ арналған арнайы карталар барын естідік. Бұл қаншалықты рас?

— Елімізде төрт банк арнайы балапалақ арналған карталарды ұсынады. Бұл бастама баланы кішкентайынан ақшаны дұрыс жұмсауға үйретіп, күнделікті шығынын мобильді қосымша арқылы бақылап отыруға үйретеді. Балапалақ үшін ашылған карта танымдық, ойын-сауықтық интерфейсін жасалып, әр төлем үшін арнайы бонустар да беріледі. 5-6 жасқа толған балапалақ бұл карталарды өзі пайдалана алады. Ең бастысы, балаңызға карта ашпаса бұрын, сол банкте өз ақшада шот болуға міндетті. Картаны Altyн Bank, Jysaп Bank, Cberbank Қазақстан және Банк ЦентрКредиттен аша аласыз.

— Өңіміңізге рахмет

Сұхбаттасқан Айгүл ҚАРЖАУБАЙҚЫЗЫ

Дамыған медицина заманында адамдар мың құбылып, Жаратушының жаратылысын өзгертіп өлек. Бұрын өкпе, жүрек, ұйқы безі, бауырды ауыстырғанды естісек, енді еркекті әйелге, әйелді еркекке алмастыру оңай шаруаға айналды. Алғашқылары адам денсаулығын жақсартудың қамы деп қарасақ, соңғысының жөні бөлек. Тіпті мұны Алексей Цой басқаратын Денсаулық сақтау министрлігі де қолдап, қарама айында жыныс ауыстыруға рұқсат беру туралы бұйрықты бекітті. Бастысы ауыстыру үшін адамның жасы 21-ден асуы керек және психикалық мінез-құлық ауытқулары болмағаны дұрыс. Тышқан жылы тосын сыйға айналған бұл шешімге көбі наразы.

ТЫШҚАН ЖЫЛЫНА ТОСЫН СЫЙ



Алғашқы медицина заманында адамдар мың құбылып, Жаратушының жаратылысын өзгертіп өлек. Бұрын өкпе, жүрек, ұйқы безі, бауырды ауыстырғанды естісек, енді еркекті әйелге, әйелді еркекке алмастыру оңай шаруаға айналды. Алғашқылары адам денсаулығын жақсартудың қамы деп қарасақ, соңғысының жөні бөлек. Тіпті мұны Алексей Цой басқаратын Денсаулық сақтау министрлігі де қолдап, қарама айында жыныс ауыстыруға рұқсат беру туралы бұйрықты бекітті. Бастысы ауыстыру үшін адамның жасы 21-ден асуы керек және психикалық мінез-құлық ауытқулары болмағаны дұрыс. Тышқан жылы тосын сыйға айналған бұл шешімге көбі наразы.

Бұзылады. Әйел болғысы келген еркек тестостерон гормонын тежеп отыратын әйел гормондарын ішеді. Еркек болғысы келген әйел керісінше күшейткіш гормон қабылдайды. Мұның бәрі денсаулыққа әсер етпей қоймайды. Яғни Жаратушының жаратылысына қарсы шыққандар 15 жыл ғана өмір сүреді деген сөз. Айтпақшы, қазақстандық дәрігерлердің жыныс ауыстыруда тәжірибесі жоқ. Мәселен, Таиланд елі бұл туралы әлемге өйгілі. Елімізде операция жасатқан адамдар кейін Таиландқа барып, сол елдің медицинасына арқа сүйеуге мәжбүр болады деген сөз. Онда несіне елімізде мұндай ота жасағуға рұқсат берілді? Өткен аптада қоғамның актуалына айналған тақырыпқа Қазақстан мұсылмандар діни басқармасы пәтуасын берді. Шариғи тұрғыдан жыныстық мүшені ауыстыруға тыйым салынады. Оған төмендегі мына аят-хадистер айтақ болса.

мүшесіне ауыстыруы – харам. Қоғамды жат қылықтан арылтуға психологтардың көмегі аяудай қажет. Облысымызға белгілі психолог Ләйла Өтегенова ең алдымен бала тәрбиесіне аса мән беріміз керек дейді. Еркекті өзін әйелше сезіну, әйелдің өзін еркекше ұстауы – денсаулықтағы кінәрат, гормондық бұзылыстың туа біткенін болмаса, көп жағдайда психикалық ауытқу емес, жетіле келе қызығушылығына, ортасына қарай қалыптасып жатады. Бұл – жүре қалыптасатын мінез. Оны дер кезінде байқап, дұрыс бағыттап жіберсе, түзетуге болады. Адамдардың бәрі бірдей емес. Олардың ішінде ортаға бейімделіш, еліктегіштері болады. Жыныс ауыстырушылардың көбі осындай адамдардан шығады. Сондықтан ондай жаңдарға дұрыс тәрбие қажет, – дейді психолог.

ҚЫЗ АЛЫП ҚАШУ ШЫҒЫННАН ҚҰТҚАРА МА?

Елімізде әлі күнге дейін қыз алып қашу дәстүрі тоқтаған емес. Басып алып қашатындарға да жаза күшейтілген. Осы орайда қыз алып қашуға не түрткі, алып қашқандардың жазасы қандай болады деген сауалға жауап іздедік.



Қалыңдықты ұрпау әдеті көптеген елдерде ежелден бар және Орталық Азия елдерінде әлі де кездеседі. Бұл дәстүр Қазақстан, Қырғызстан, Өзбекстан, Кавказ елдерінде, Грузияда, Шешенстанда тіпті Африка құрлықтарында да бар екен. Егер күйеу жігіт керемет той ұйымдастыра алмаса немесе қыз үшін ата-анасына төлем жасай алмаса, онда оған осы дәстүр көмек береді. Ел арасындағы қыз алып қашып сотталыпты деген бірлі-жарым қауесет болмаса, бұл тәсілге жүгініп үйленгендердің өзін өзгеше үлгі боларлықты ғұмыр кешуде. Көп жағдайда алып қашып үйлену екі тараптың да алдын ала келісімімен өрбиді. Нағыз зорлап алып қашу, дәстүрді тұрпалы етіп көрсетудің жөні бөлек. Мұндай жағдайда үйге түскен келін алдында жатқан он кемпірді аттап, ақ ормалындай таптап кетіп,

сотқа беруден еш тайынбайды. Келген құғыншыға ере кетіп, соңында екі жақ өйігерге түседі. Күйеу бала және оның бірге алып қашқан достары сотталып кетудің сәл-ақ алдында тұрса, қыз байғұсқа «күйеуден қайтты» деген жаман ат тағылатыны бар. Намысқа бұлыққан кейбіреулері ата-анасы жаман атты болмас үшін босағада қалады. Біздің елде қалыңдықты ұрлау туралы жеке бап жоқ, Қылмыстық кодекстің 125-бабында көрсетілгендей, «Адам ұрлау» фактісімен қолға түскен жан, төрт жылдан жеті жылға дейін бас бостандығынан айырылуы мүмкін. Достарымен топтасып қызды құрықтапсаң, жазаң 10 жылдан 15 жылға дейін созылатыны заңда анық айтылған. Осы орайда Қазақстанда жеке жасы 18-ден басталатынын да ескерген жөн.

тұрғанда, неге қыз алып қашуға бір құмар деп ойлану заңды дүние, бірақ ұзатып алу қымбатқа түседі. Себебі ұзынсоңор, қып-қызыл шығынды талап ететін дәстүрді айналып өтудің ең бір оңай жолы сол алып қашуға итермелейді екен. Біріншіден, ана сүті деп қой немесе ірі қара беріледі. Соған әкесіне, бауырларына тиесілі сый-сияпат жасалып, бойжеткен ұзатылса, ұл жағы тағы той жасап дұмдантады. Қызына жасау әзірлеу, тағысы тағы әр отбасының жағдайына байланысты атқарыла береді. Бір тұрғыдан астында, бір елде өмір сүріп жатқан он бұл жай ешкімге таңсық емес. Қарап отырсақ, екі жағдайда шығынның көлемі шамалас. Сол үшін жабайы түрде қыз алып қашу елдікпен тоқтағандай деп үміттенемін.

Шарафаддин ЕДІЛ

БАҒА ҚАҰДА БАРАСЫҢ?

“Бір жұмыртқаның бағасы 52 теңге тұрады, бұл қалай болды, тауық асыраймыз ба?” Бұл – бүгінде әлеуметтік желіде көп қозғалған тақырып. Өзіне бағаның күннен күнге шарықтап бара жұмыртқаның дәл бұлай қымбаттауын тұрғындардың түсінбей жатқаны жасырын емес.



– Азық-түлік алуға базарға бардым. Бағада өзгеріс барын аңғардым. Өзге күні көп азық-түлік алып қоюшы едім, бұл жолы барлығын аздап алуға тура келді. Қазіргі таңда мардымды жалақы жоқ, зейнетақының өзі дәрі-дәрмектен артылмайды. Ал қымбаттап жатқандары – күнделікті тұтынатын өнімдер. Тамаққа қосатын өсімдік майының бағасы адам шошырлық. Біз алуын алғашы-ақ, көпбалалы отбасының жағдайы қалай болмақ? – дейді Арман есімді қалта тұрғыны.

Бақсаңыз, сөз шыңдылықа жанасады. Себебі бағаның қымбаттауы көпбалалы аналарға қаншалықты әсер ететіні бесенден белгілі. Ал жұмыртқаман қоса тағы үш өнімнің бағасы артқан. Олар – сүзбе, қартөп, өсімдік майы.

– Соңғы аптада кейбір азық-түлік бағасы өтпінші көсіпорын тарапынан қымбатта келуде. Мысалы, тауық жұмыртқасының қымбаттауы жыл сайынғы қысқы маусымарлық кезеңге байланысты болуында. Баға өсуінің негізгі себебі құс тұмауы таралуынан және құс азығының қымбаттауынан. Республикада жұмыртқаға сұраныстың артуынан бір аптада бағасы 20 пайызға қымбаттады. Айт кететін жайт, қарақұмық, қант, өсімдік майы, үш өнімдері өңірмізде өндірілмеуіне байланысты республиканың басқа аймақтарынан әкелінеді. Бұл мәселе бойынша да біршама жұмыстар жасалуда. Өндірілмейтін өнімдер бағасын тұрақтандыру мақсатында облыстық бюджеттен қасілерлерге қарыз беру үшін қосымша 400 млн теңге бөлінді, – деді облыстық ауыл шаруашылығы басқармасының басшысы Шахмардан Қойшыбаев.

Брифингте сала басшысы бағаны тұрақтандыру мақсатында әлеуметтік маңызды бар тауарлардың шекті бағамына мониторинг жұмыстары жүргізіліп тұратынын айтты. Өңірдің тұрақтандыру қорында 25 мың тонна өнім бар. Бүгінде 29 әлеуметтік дүкен мен 2 әлеуметтік рынокта және 4 үш супермаркеттің әлеуметтік бұрыштарында сатылуда.

Азық-түлік бағасының тұрақтылығын анықтау мақсатында облыстық ауыл шаруашылығы басқармасы баспасөз өкілдеріне пресс-тур ұйымдастырды. Олар “Мерей” мәлтек ауданындағы әлеуметтік дүкеннің бағасына көз жүгіртті. Біз жатқа бағаның өскені байқалмайды, бұрынғыдан өзгеріс жоқ. Сонда тұрғындар босқа өйігерге е түсіп жүр ме, елде бірдей әлеуметтік дүкеннен алуы керек пе?

Азық-түлік бағасында “Байқоры” әлеуметтік-қосындылық корпорациясы жанынан құрылған 29 дүкен бар. Оның біреуі ең сатытын дүкен. Қалғандары халыққа қажетті өнім түрлерімен қамтылған. Расымен де бағада біртұрақ айырмашылық орын алып тұр. Оның түрлі себептері бар. Шикізаттың шетелден тасымалдануы мен құс тұмауы тоқтаса, бұрынғы қалпыты деңгейге қайта түседі деп үміттенеміз. Алайда әлеуметтік маңызды бар азық-түлік тауарлар бағасы республикалық көрсеткіштен төмен. Жергілікті сауда орындарында бірінші сарты біздің қарақұмық, қант, өсімдік майы, сусын еті, күнбағыс майы, тауық еті, піяз бен түз салыстырмалы түрде төмен бағалануы сатылуда, – дейді облыстық ауыл шаруашылығы басқармасының басшысы Бағамбетов Ерхан Ағыбаев.

“Базарға барсаңыз, алып барған ақшаңыз түк болмай қалады. Азық-түлік қымбаттады қой, балаларға өзге тәтті алғың-ақ келеді. Бірақ оны қалтаң көтермейді. Амап жоқ, күнделікті тамаққа тұтынатын өнімдерді аламыз. Сондағы ақшаңыз тамаққа қосатын май, қартөп пен сүзбе, үш сепілді азық-түлікке кетеді. Бұл баға баға ма, жаңа-жылға қарсы үстемелеп кетпесе?”, – дейді қалта тұрғыны Жемілла.

Бағаның өскенін бір-екі емес, бүкіл тұрғыннан естуге болады. Қалай болған күннің өзінде азық-түлік бағасы тұрақты қадағалауға алыныс деіміз. Бйтесе журналистерді әлеуметтік дүкенге апарып, бағаның қымбаттамағанын көрсетіп, рейд жұмыстарын жүргізе бергеннен пайда жоқ. Негіз қанаған тұтынатын оңшыз да көріп жүрміз, бағадағы өзгерістер соңып көріп, саңырау естітіндей жағдайға жетті.

ОРЫНДАЛҒАН АРМАН

Шекарашы болсам деп армандаған офицерлердің осы мамандықты таңдауына түптеген жеріндегі шекара заставасы ықпал еткен.

Ал бұл ауылдағы шекара заставасы сәт шеткері орналасқан. Арнайы қоршалған ғимарат сырт көзге ерекше көрінеді, себебі кезінде мемлекеттік балабақша қызметін атқарған. Кейін жекешеленген уақытта бұл ғимарат шекарашыларға берілген. Ауылдан орын тапқан әрбір зат әлі күнге сол әдімілігімен сақталған. Осы аумақтағы босаала жігіттердің ата-аналары «менің де балам өскенде шекарашы болса өкпен деп армандағанды. Солардың бірі үйі дәл шекара заставасының жанында орналасқан Қалдан есімді азамат еді. Сол уақытта Қалдан өзім қызметіне тағайындалып, ел басқарды. Жанұясында үш ер бала тәрбиеленіп отырған ол баласының қайсысы «шекарашы боламын» деп айтар екен деп іштей бақылап отыратын. Шекарашыларға ерекше қызығушылықпен, қамқорлықпен қарайтын ол түсі, кешкі ас уақытында заставка жаққа алыстан көз салып қоятын. Қапалдан қызмет бабымен кіріп-шыққан әскери келіпкерге де сүйсіне қарайтын. Осылайша үш ұлының бірі шекарашы болып жүргенін ойша елестететін. Қалдан ауыл әкімі ретінде заставкаға келген басшылармен тілдесіп, оларға алты қанат қараша үйінен дем татқызып жүрді. Отанасы да шекарашылардың өз баласынан көм көрмей, ас ұсынатын. Бірде қызмет барысымен денсаулығына мән бермеген Қалдан отағасы жүрек тампасынан көз жұмды.

Қалданның өйніші ұлы Бағдат та шекарашылар өміріне қызғаттанды. Өйтпекі әке арманын баға күнінен ұтылып кетті. Өкесі дүниеден өтсе де, сол арманын алғыштыққа жеткізіп, елдікпен қамтамасыз етті. Шекара заставасы да өз қызметін адал атқарып, мемлекеттік шекараны мүлтіксіз күзетуде...

Гүлмира ПРИМЖАНОВА

ЖЕМҚОРЛЫҚПЕН КҮРЕСУ МАҢЫЗДЫ

Жемқорлық – адамдар мен азаматтардың құқықтары мен бостандықтарын талпайтын, арты тілесті заңды жазалаумен аяқталатын, қоғамның әлеуметтік-экономикалық дамуының тежеуші айғағы.

«Жемқорлық шешілгені мәселе ме?» деген сұраққа біржақты жауап беру қиын. Жемқорлық өзінің тігізгіні кері әсерлеріне байланысты қоғамдық проблема болып келеді. «Адам оқуға, еңбекке, азаматтыққа, адам адалдығына қол жеткізеді, бұл тегісіндік жемқорлыққа қатысы неде? Адам, біріншіден, табиғат тұндысы. Ол өзінің мүддесін, мақсатын қанағаттандыру үшін, жанындағы жақын жандарын қорғау үшін тіпті шектен тыс әрекеттерге баратын жаратылысы. Бірақ адамның жануардан айырмашылығы – саналылығы. Адам эволюцияда ер кезеңде өртүрлі салада, ол философия болсын, техника болсын, мәдениет, дәстүр болсын прогресс жасап келеді.

Елді басқаратын адам құзыреттілікті өз қолына алатын тұлға және оны дұрыс немесе бұрыс пайдалану сәйкесінше соның қолында. Оның үстіне қазір постиндустриалық заман болған соң, бәсекелестік артқанын адам өртүрлі әрекеттерге барады, оның үстіне лайықты өмір сүріп келеді. Пара беретін – адам, пара иткені – адам. Жемқорлықтың құрылымы осы болған соң проблеманы шешуді, біріншіден, адамнан бастау керек сияқты. Жемқорлықты адамға дәрі беріп немесе медициналық процедура арқылы жою алмайсың. Заңдар қабылдау жеткіліксіз, адамды бала кезінен бастап жаппай тәрбиелеуден басқа амал жоқ. Қазіргі кезде бұндай шараларға жіті көңіл бөлініп жатыр. Бірақ жеткіліксіз.

Коррупция қабылдау индустрия бойынша бірінші орында тұрған Дания елінде паракорлықпен қалай күресіп жатыр? Ол жақта жемқорлық туралы мәдениет, идеология, шенеуніктердің арасында ғана емес, қарапайым халықтың арасында да насихатталған. Компанияға немесе т.б. қызметке түру үшін адам паран алмайын деген сөз берелі. Өзінің тапқан деген кішікпен ғана құнықпай, қызметкер туралы қоғам арасында негативті пікір қалыптасып қояды. Ақша қозғалысы, барлық пайда мен шығындар әлеуметтің алдына жайылған. Сәйкесінше мәліметтерді жасыру қиына соғады. Елдегі мемлекеттік қызметкерлерге әлеуметтік қорғау жоғары деңгейде: ақысыз медициналық көмек және білім, әлеуметтік кепілдіктер. Жыл сайын қызметкерлер өзінің пайдасы мен мүлкі туралы ақпараттарды жариялайды. Бұлар паракорлық әрекеттердің шегерілуін қамтамасыз етеді, сонымен бірге әлеуметтік-экономикалық проблемаларды да жеңілдетеді.

Қоғамды алға тартатын фактор, қайта айтпай көтсек, адамның өзінің қолында. Бұл – олардың ерік-жігері, энергиясы, табандылығы. Білім. Елдің алға шығуын қаласаң, өзіңді он жолға өзгертуден баста. Себебі бұл елдің құраушысы, азаматы, қызмет жасаушысы өзің, басқа кім?

Азиза ШЕРАЛИЕВА

Мәлідр КЕЖЕҒЕЛОВА

ЖАТПАЙ ВАКЦИНАЦИЯЛАУ БАСТАЛАДЫ

Өткен аптада ТМД мемлекеттерінің басшылары кезекті кездесу бас қосты. Жоспар бойынша Ташкентте өту керек болған маңызды жиын қоронавирус әсерінен қашықтан ұйымдастырылды. Жиында Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев алдағы уақытта вакцина өндірісі Ресеймен бірлесіп шығаратынын және бір айдан соң елімізде екпе егу басталатынын мәлімдеді.

— Бүгінгі күннің ең басты міндеті — азаматтарымыздың қоронавируспен қарсы вакцинаға кең көлемде қол жеткізуді мүмкіндік жасау. Осы орайда COVID-19 індетіне қарсы жаһандық күресте әлемде бірінші болып вакцинасын тіркеген және халыққа екпе жасай бастаған Ресей Федерациясының жетекші рөлін атап өткім келеді. Қазақстан да өзінің вакцинасын әзірлеп жатыр. Оның сынамалары жақсы нәтиже беруде. Біз келесі аптада Ресеймен бірлесіп, вакцина өндірісін іске қосамыз. Ол ресейлік те, қазақстандық та өнім ретінде экспортқа шығарылады. Бір айдан кейін елімізде екпе егу басталады. Оған қалаған адам қатысады. Алдымен дәрігерлерге, мұғалімдер мен тәртіп сақшыларына салынады. Кейін егде жастағыларға егіледі. Айта кетерлігі, бұл індет алыс-берісті азайтқаны белгілі. Енді соны жандандыру керек, — деді Президент.

Осыған дейін Үкімет басшысы Асқар Мамин 29 қарашада қоронавирус індетіне қарсы отандық вакцинаның клиникалық сынақтарының І және ІІ кезеңі аяқталғанын мәлімдеген еді. Зерттеу қорытындылары бойынша қазақстандық вакцинаның зиянды әсері анықталмаған және оның инфекциямен күресте жоғары тиімділігі тіркелген. Екінші кезеңде клиникалық сынақтардың кен ауқымында түрі — ІІІ кезеңі басталып, 3 мың еріктіге екпе егіледі. Сынақтар 2021 жылы наурыз айының соңында толығымен аяқталады. Ек маңызды жайт, 2020 жылдың соңына дейін 2 миллион доза көлеміндегі отандық вакцинаның алғашқы партиясы шығарылады.

Жоғарыда осы аптадан бастап елімізде ресейлік «Спутник V» вакцинасын өндіру қолға алынатынын айттық. Осы орайда тұрғындар арасында «ежіміздік» вакцина шығаратын бағамда, өлде ресейлік екпе не? деген заңды сұрақ пайда болады. Мұндай маңызды сауалға ДСМ басшысы Алексей Цой Facebook-тегі ресми акаунты арқылы қысқаша жауап берді: «Қазақстанда қатарынан 2 өндірістік алаң іске қосылды. Оның бір толығымен қазақстандық вакцина өндірумен айналысады. Екіншісі — ресейлік вакцинаны локализациялауға жұмылады», — деді министр. Ал БҚПҒЗИ бас директоры Күнсылу Закарянның айтуынша, екі өндіріс бірлесе істейді. Отандық вакциналар жеке шығарылып, Ресей вакцинасы бөлек алаңда жасалады екен.

Осы аптада отандық екпемен қатар, Ресейдің «Спутник V» вакцинасы да өндіріле бастады. Өзірге белгілісі, отандық вакцинамен жаппай егу 2021 жылдың наурыз айында қолға алынады және вакцина шығаратын биофармацевтика зауыты да сол уақытта беріледі. Бірінші кезекте вакцина ерікті түрде медицина қызметкерлеріне, педагогтерге, сондай-ақ созылмалы аурумен ауыратын топтағы адамдарға салынады.



Айта кетейік, отандық екпе І кезеңде институттың 6 қызметкеріне салынып, сыналған. Ізінше 200 еріктіге егілген. Нәтижесінде бұл вакцинаның адам өмірі мен денсаулығына теріс әсерінің жоғы, әрі қоронавируспен күресте тиімді екені анықталған.

Баса назар аударатын тағы бір жайт, ресей вакцинасы әлемде алғаш болып тіркелсе де, сынақ жұмыстары өлі бітпеген. Айталық екпенің ІІІ клиникалық зерттеулері қазір Беларусьте, БАӘ-де, Венесуэлада, Үндістанда өткізілуде. Мәскеу мэрінің орынбасары Анастасия Ракованың мәлімдеуінше, Мәскеудің өзінде «Спутник V» егілген 273 ерікті қайта вирус жұқтырып, ауырып қалған. Сондықтан бұл вакцинаның тиімділігі жайлы толық айту қиын.

Осы орайда жақын арада егілетін вакцина бағасының көңіл алаңдататыны анық. Бұл жөнінде Денсаулық сақтау министрі келесідей мәлімдеме жасады: «Шетелдік вакцинаның болмауды құны 2 дозасы үшін 20 доллардай болмақ. Қазақстандық вакцинаның бағасы әзірге анықталған жоқ; оның құны өндіріс басталғанда ғана анықдалады. Бұған қоса, бүгінде Қазақстан нарығына жеделдетілген тәртіппен енуі үшін шетелдік серіктестерімізбен келіссөз жүргізілуде».

Ары қарай нарығымызда тағы бірнеше вакцина түрі пайда болады деп жоспарлан отырмыз. Олар ағыл және ағылсы түрде таралуы мүмкін», — деді Алексей Цой. Ал ӘМСҚ медсқандандыру асында препаратты сақтандырылған адамдарға тегін егу мәселесін пысықтауда.

Енді өзімізге түскен әлем елдеріндегі жағдайға тоқталсақ. Жаһан жұртшылығы наурызға шығатын вакцинаны сынал күруге әзір. Бір жылға жуық уақыт тағатыздана күттірген вакцинаның нәтижесі қандай болары белгісіз, бірақ бірқатар мемлекет екпе егуге дайындықты бастап кетті. Айталық, Еуроодақ билігі вакцинациялауды 27-29 желтоқсанда бастайды. Бұл туралы Еуроодақ басшысы Урсула фон дер Ляйен өзінің Twitter парақшасында «Бұл — Еуропа үшін ең шешуші кезең, 27, 28 және 29 желтоқсанда барлық ЕО бойынша вакцинация басталады. Біз азаматтарымызды бірге қорғаймыз» деп жазды. Испанияда да қоронавируспен қарсы вакцина салу 27 желтоқсанда басталатын болды. Бүлік америкалық «Пфайзер» және немістің «Байонтек» компаниялары жасаған вакцинаны сатып алуға келіскен. Жергілікті билік вакцина салу науқанында шектеу шараларының күшейетінін жария етті. Сол үшін Рождество мен жаңажылдық

мерекелер кезінде Валенсия тұрғындарына өзге өңірлерге қатынауға тыйым салынатын болды. Мадрид денсаулық сақтау департаментінің басшысы Энрике Руиз «24, 25 және 31 желтоқсан күндері Мадрид тұрғындарына 6 адамнан артық жанатпа болмайтын, мерек күндері тұрғындардың отбасымен үйде отырғаны дұрыс екенін» айтты.

Ал инфекцияның ошағы саналатын Қытайда алдағы екі ай ішінде 50 миллионға жуық адамға қоронавирус вакцинасы егілетіні белгілі болды. Себебі жаңажылдық демалыс уақытында Қытай халқының бір-біріне жиі қонаққа баратыны анықталған, ел билігі осы жағдайды ескере отырып тұрғындарды вакциналауды қолға алуда. Бір айта кетерлігі Қытайда жаңа жыл 2021 жылғы ақпан айының екінші онкүндігінде басталады. Сол үшін Қытайдағы Sinopharm Sinovac Biotech Ltd компаниясының 100 млн доза вакцинасы ел аумағына таратылып, алдымен медицина қызметкерлері, өрт сөндірушілер, полиция мен кеден қызметкерлері, көлік-логистика компаниясының жұмысшыларына екпе салынады. Вакцинаның алғашқы дозасы 2021 жылдың 15 қаңтарына дейін, ал келесісі 5 ақпанға дейін салынады деп жоспарлануда.

Коронавирусты жұқтыру дерегі бойынша әлемде үшінші орында тұрған Бразилияда вакцинадан бас тартқан азаматтар үшін шектеу шаралары қолданылатын болды. Енді екпе егуге қарсы бразилиялықтарға қоғамдық орындарға баруға, белгілі бір қызмет түрімен айналысуға тыйым салынады. Бұл туралы Жоғарғы сот тиісті шешім қабылдаған. Коронавирус жұқтырғандар саны 7 миллионнан асатын бұл елде вакцина егуге міндеттеу туралы заң қабылдау мәселесі талқылануда. Алайда сарапшылар «бұл адам құқықтарын бұзады» деген пікір білдіруде.

Сонғы мәліметтер бойынша АҚШ-та қоронавирусты жұқтырғандар саны 17 жарым миллионнан асқан. Сын сағатта тұрған ел билігі қоронавируспен қарсы тағы бір вакцинаны шұғыл жағдайда қолдануға рұқсат берді. Бұл — «Модерна» компаниясының екпесі, елдегі Азық-түлік және дәрі-дәрмек сапасын бақылау басқармасы бекіткен екінші препарат. Осыған дейін Американың реттеуші органы «Пфайзер» мен «Байонтек» компаниясы бірлесіп жасаған екпені қолдана беруге шешім шығарған. Енді билік өкілдері «Модерна» компаниясына 200 миллион доза екпеге тапсырыс беруде. Бір айта кетерлігі, бұл вакцина 18 жасан асқан азаматтарға ғана қолданылады.

Р.С. Өзірге әлемдегі жағдай осы. Отандық және шетелдік вакцинацияны үйірлеп күрестеу тиімділігін уақыт көрсетеді. Бір белгілісі, жаһан жұртшылығы қауіпті кеселдің дауасын іздеуді жалғастыра береді...

Гүлдана ЖҰМАДИН



**Толқынай Жармахан,
Облыстық психикалық денсаулық
орталығының медбикесі:**

АУЫР КҮНДЕР АРТТА ҚАЛСЫН

Төтенше жағдай кезінде дәрігер мен медбикелердің тыным таппай жұмыс істегені белгілі. Олардың үйінен, отбасынан жырақта жүргені де баршамызға аян. Балаларымен уялы байланыс арқылы хабарласып, бет әлпетіне смартфоннан кез жүгіртуге тура келді. Олардың Гиппократқа берген анттына беріктігі осындай біліс керек. Толқынай Жармахан есімді медбике де өзіне берілген міндетті орындап шықты. Жас болса да, адам өмірін аршапала қалуға көмегім тисін деген мақсатты басты орынға қойды. Ол — Қызылорда жоғары медициналық колледжінің түлегі. Бүгінде №1 бөлімшеде мейірбике болып жұмыс істейді. Бала кезінен медбике болуды армандаған Толқынайдың айтары бар.

— Пневмонияға шалдыққан науқас көп жаттығу жасау керек дегенді жиі естиміз. Сол кездейсоқ науқастар жасауы тиіс жаттығуларда қандай қиындықтар болды? Мәселен, жаттығу жасауға аса бір жағдайы келмейтін, бірақ жаттығу жасау керек науқастарға қатысты мәселе болды ма?

— Жалпы, пандемия кезінде ғана емес, әр адам саламатты өмір салтын ұстану керек. Өрине, спортпен шұғылдандыруды маңызды зор. Науқастар көбіне тыныс алу жаттығуын жасағаны дұрыс. Бұл жаттығуды дұрыс орындаудың үлгісін дәрігерлер науқастарға көрсетті. Ем алушылар екпе дұрыс жұмыс жасау үшін тыныс алу жаттығуын жиі орындайтын.

— Уақытылы дәрі-дәрмекін беріп, қадағалап тұрған күннің өзінде көңілі толмайтындар болмаған шығар...

— Жалпы, жасыратыны жоқ, қоронавирус індетінің алғашқы толқыны кезінде мамандар тапшылығы сезілді. Мұндай жағдай біздің орталықта да болғаны рас. Өрине, ем алушылар өте көп болды. Тәулігіне 40-50 науқас келген кездер болды. Дәрті жаңына батып, тынысы тарылған науқастар тарылған ара-арасында түсінеушіліктерді болғанын жасырмаймыз. Бірақ қолдан келген медициналық көмекті барлығына бірдей, сапалы көрсетуге тырыстық. Нәтижесінде көптеген адамды емдеп, үйіне қайтуына көмек бердік.

— Оқшаулануды дұрыс орындамағандар болды. Оларды ауруға бойынсыбаған деп түсінуге бола ма? Кейбірі карантин талаптарын өрескел бұзды. Мұны қалай түсінуге болады?

— Менің ойымша, бастапқыда көптеген адам бұл кеселдің қаншалықты қауіпті екенін сезінген жоқ. Жақындарының арасында қоронавирус індетінен көз жұмғандар болғаннан кейін ғана сақтық шараларын орындайтын болды. Өкінішке қарай, өзіміздің немқұрайлығымыздың соңы қайғылы аяқталды. Бірінші толқын көпшілігімізге сабақ болды. Ендігі кезекте, осы жағдайды қайталанбауы үшін әрбірміз масканызды киіп, адамдар көп шоғырланатын аймақтан алыс жүргеніміз дұрыс. Көпшілікті сақтық шараларын сақтауға шақырамын.

— Қазір де вирус жоылған жоқ. Үйіңізге барғанда қалай қорғанасыз? Төбесіңізге қауіпті деп қорықпайсыз ба?

— Өрине, сақтықты қорлық жоқ. Әр адам өзінің денсаулығы үшін, жақындарының амандығы үшін алаңдауға тиіс. Мен де бұл ретте барлық сақтық шараларын орындап жүруге тырысамын. Өйткені мен үшін отбасымын саулығы бәрінен маңызды.

— Сұхбатыңызға рақмет!

Мәлдір САБЫРЖАН



12 МЫҢ ҚЫЗМЕТКЕР ЖАРНА ТӨЛЕМЕЙДІ

Облыста 8,5 мың шағын және орта бизнес субъектілерінің 12 мыңнан астам жалдамалы қызметкері МӘМС жүйесіне жарна төлеуден босатылды. Алайда сақтандыру мәртебесін алу үшін «Saqtandugy» ақпараттық жүйесіне жалдамалы қызметкерлердің дерегін енгізу керек. Қазіргі таңда бұл жұмыстар толықтай аяқталып қалды. Бұл туралы Өңірлік коммуникациялар қызметінің ақпараттық алаңында «Әлеуметтік медициналық сақтандыру қоры» КЕАҚ Қызылорда облысы бойынша филиалының директоры Бақыт Исмаханбетов мәлімдеді.

— Сақтандырылмағандардың арасында Үкіметтің қаулысына сәйкес 2021 жылдың 1 қаңтарына дейін жарналар мен аударымдар төлеуден босатылған шағын және орта бизнес субъектілерінің қызметкерлері болуы мүмкін. Жарналардың болмауына қарамастан, мұндай қызметкерлерді сақтандыру үшін жұмыс берушілер msb.fms.kz веб-сайтына қызметкерлер туралы мәліметті енгізіу керек, яғни олардың мәртебесін сақтауы керек. Алдағы уақытта бұл қызметкерлер МӘМС жүйесіндегі барлық қызмет түрлерін еркін ала алады, — деді Бақыт Торғайбаев.

Ағымдағы жылдың 11 айының қорытындысы бойынша ТММҚК және МӘМС пакеттері шеңберінде көрсетілген медициналық қызметтер үшін 55 340 741,8 мың теңге, яғни жылдық көлемнің 82 пайызы төленді. Сонымен қатар шығыстың басым бөлігі стационарлық медициналық көмекке төленді. Биыл жоспарлы түрде өңір стационарларында 71 588 адам емделді.

Өңірде 2021 жылға арналған медициналық қызметтерді сатып алу бюджеті 65,6 млрд теңгеге бекітілді. Оның 42,8 млрд теңгесі тегін медициналық көмектің келіпді көлемі аясында, 22,8 млрд теңгесі МӘМС пакетінде. Бүгінде пациентке медициналық көмек көрсетуден бас тартса немесе тиісті түрде көрсетілмесе, онда 1406 нөмірі, «Qoldau — 24/7» мобилді қосымшасы немесе «SaqtandugyBot» Telegram-бот бойынша жүгіну қауіп. Қордың мамандары мен сарапшылары жедел жауап беріп, қажетті көмек көрсетеді.

MEREI

SURAQ SIZDEN, JAUAAP BIZDEN

САТЫЛМАЙТЫН ТРАКТОР



Ертеректе Павлодарда трактор зауыты бар дегенді еститіміз. Кейіннен көпірорынның жұмысы туралап, таркторлар өлімізге беларустардан келді. Шаруашылықта таптырмайтын көлікке біздің елде сұраныс көп болғандықтан, неге езімізде құрастырылмайды деген сауал көкейде болатын. Жақында осы сауалға байланысты тың жаңалықты естідік. Қапа тұрғыны Есенбек Сейітов жүк тиегіш трактор құрастырып шығарыпты. Жағымды жаңалықты естіп, ақсақалдың еңбегін көруге асықтық. Қолы қалт еткенде құрастырған көлігі есік алдындағы жұмысты тындыруға жарап тұр. Зейнеткер тракторды құрастыруға 6 ай уақыт жұмсапты.

– Техника заманында жұртты таң қалдыру қиын. Өрине еңбегімді естіп, темір тулпарыммен танысып жатқандарына рақмет. Осыған дейін телефонға теміріп, интернеттен бейнеролик көріп уақытымды текке жұмсап келдім. Бірде YouTube-тан тракторлардың ішкі құрылысын көріп, қызығушылық пайда болды. Зейнетақыға қарап отырған адамға бір мезетте құрастыру қиын шаруа. Алдымен мотор сатып алдым, содан соң зейнетағы түскен сайын бір бөлшектен алып құрастыра бердім. Барлық бөлшектерді металл базасынан жинақтап, кейбірін қолдан дәнекерлеп жасадым. Трактордың отырғышына Газелдің орындығын, «Волганың»

қозғалтқышын, «Mercedes» көлігінің дөңгелегін, «Уаз-дың» рөлін, өзге де автокөліктердің бөлшектерін пайдаландым. Жүк тиегіш трактор шаруа қожалықтарына тапсырмас техника, – дейді зейнеткер Есенбек Сейітов.

Жасаған тракторының ерекшелігі көп секілді. Ақсақалдың айтуынша, көлігі жанармайды аз шығындайтын көрінеді. Демек бензин қоймасы толық болса, аптапал шаруаны реттей берді деген сөз. Есенбек аға өз ауласының ғана шаруасын күйтеп қоймайды. Көрші қолаң мен қапа тұрғындарынан да тапсырыстар түсіп тұрады екен. «Көргенде техниканың күшті екен деп жатыр. «Қаншаға сатасыз?»

Көлігіңізді қаншаға бағалайсыз?» дегендерге сатылмайды деп құтыламын, – дейді ақсақал.

Бұл трактор жөніл өрі қарапайым тәсілмен жасалған. Егер бір жері жарамсыз болып қалса, кез келген механизм оның тілін тауып, жасайды. Ең бастысы бағасы арзан. Яғни, шетелдік баламасынан 6-7 есе төмен. Қаншағын қара темірден құрастырып, қосалқы бөлшектерін әртүрлі техникадан жинақтаған. Қысқасы, жоқтан бар жасап, темірге жан білген. Тапалтыға талас жоқ. Қара жұмыстан қашпайтын қария алдағы уақытта жүк тиегіш тракторды өлі де жетілдірмек ниетте.

Ерасыл ШӘРІБЕК

KIMGE САЛЫҚТЫҚ РАҚЫМШЫЛЫҚ ЖАСАЛАДЫ?

Жеке тұлғалар үшін есімпұлдарды есептен шығару бойынша салықтық рақымшылық жасау көзделген. Бұған қатысты тұрғындар арасында сауал көп. Редакцияға келіп түскен сауалдарға Қызылорда облысы бойынша Мемлекеттік кірістер департаментінің Түсіндіру жұмыстары басқармасының бас маманы Светлана Қазбекова жауап берді.

– Жеке тұлғалардың салықтарына салықтық рақымшылық қандай заңмен көзделген?

– Қызылорда облысы бойынша Мемлекеттік кірістер департаменті салық төлеушілердің назарына Қазақстан Республикасының 2020 жылғы 2 шілдесі заңымен «Салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер туралы» Қазақстан Республикасының Кодексі (Салық кодексі) қолданысқа енгізу туралы» Қазақстан Республикасының 2017 жылғы 25 желтоқсандағы Заңы 57-58-бапмен толықтырылды.

– Салықтық рақымшылықтың шарты қандай?

– 2019 жылға мүлік салығы мен жер салығын төлеу бойынша міндеттемелерді қоспағанда, 2020 жылдың 1 қыркүйегінен бастап салық кезеңдері үшін қурылған мүлік салығы, жер салығы және көлік құралдары салығы бойынша негізгі қарыз сомасын төлеу шартымен жеке тұлғалар үшін



есімшуды есептен шығару бойынша салықтық рақымшылық жасау көзделген.

– Есептен шығаруға тиесілі есімпұл сомасы қандай?

– Есептен шығаруға 2020 жылғы 1 сәуірден жағдай бойынша салық төлеушінің дербес шотында есепте тұрған есімпұл сомасы, сондай-ақ төленген күнді қоса алғанда, оны төлеу күніне дейін осындай берешек сомасына есептелген есімпұл сомасы жатады. Бұл ретте есімпұл төленген салықтың түрі бойынша есептен шығарылды.

– Есептен шығару үшін қандай да бір өтініш толтыру қажет пе?

– Қажет емес. Негізгі салығы төленген салық төлеушілердің есімпұл автоматты түрде жойылады.

– Салықтық рақымшылық жасау мерзімі қандай?

– Салықтық рақымшылық жасау мерзімі – 2020 жылғы 31 желтоқсанға дейін.

OQY, QYZYQ!

2021 ЖЫЛДЫҢ ЕҢ ҮЗДІК КӨЛІКТЕРІ

Жаңа автокөлік сатып алу – жүргізуші үшін жауапты инвестиция екені сөзсіз. Сондықтан автокөлікті таңдауда асықпай шешім қабылдаған дұрыс. Жұырда модельдің танылғандығы, машинаның техникалық сипаттамасы, жанармай тиімділігі, сыртқы және ішкі дизайнның ескеріле отырып жасалған 2021 жылдың ең жақсы автомобильдер рейтингі жарық көрді. Көлік таңдауда қадерге жарасын деген ниетпен жаңа көліктер тізімін оқырман назарына ұсынып отырмыз.

10. Vauxhall corsa



қуаттылығы 114 аттық күшіне тең үш цилиндрлі турбо қозғалтқышпен жұмыс істейді. Заманауи автокөліктің стилі де ерекше, бірақ қызмет көрсету функциясы өте қарапайым. Сондықтан бұл автомобиль түрін машина жүргізуді енді үйренген адамдар таңдағанды дұрыс.

5. BMW X5



Құрастыру кезінде автокөлік өндірушілері жаңа технология мен сапалы компоненттерді қолданғаны айтыла да белгілі. Сондықтан автомобиль сатып алушылары осы толық өлшемді кроссовердің ұзақ және тиімді жұмыс істейтініне сенім білдіреді.

Автокөліктің қалыңдығы BMW маркасы эмблеманың болуы жүргізушілерге сенімді, қуатты және дизайны ерекше көлік таңдағанды айқын сездіреді алады.

9. Honda аккорды



көлік құралы жүргізу мен өнімділік сипаттамаларының жоғары деңгейін көрсеткен. Сондай-ақ машина жылдамдық үдеуін минималдастырған басқаруға мүмкіндік береді.

4. Renault Twingo



жоғары өнімділік пен пайдалы қуатты қамтамасыз ететін жаңа технология енгізілген.

Супермини сегментіндегі Renault Twingo ең жақсы автомобильдер рейтингінде баскеледі Fiat 500 субкомпактісінің орнын басты. Cecebi Renault Twingo моделіне

8. Nissan X-Trail



Бұл шағын кроссовер Nissan қатарындағы модельдер сатылымында жетекші орын алады және өз сегментінде ең танымал автомобильдің бірі болып саналады. Көліктің 2021 жылғы жанармайланғандығын жеткі жолаушыны ыңғайлы орналастыруға арналған кең салонымен, жақсартағын қуат блогымен ерекшеленеді. Қазір автокөлікте 1,6 л болатын дизельді қозғалтқыш бар, оның қуаты 128 литрге дейін жетеді. Алайда сатылымға бензинді турбо қозғалтқышы бар, сыйымдылығы 161 литр болатын жияқты шығарды деп күтіледі.

3. Chevrolet mmlana



құрғақ назар аударған. Машинаның негізгі бұйымдары мен жұмысы қарапайым. Оған қоса сыртқы дизайны, көл жетімді бағасы, өндірілуінің сенімді келіптері автокөліктің 2021 жылғы ең жақсы модельдер рейтингінде үшінші орынға шығарды.

Бұл машинаның интерьерін жобалау кезінде құрастырушылар жүргізуші мен жолаушыға ыңғайлы, қауіпсіз кеңістік құрастыруға зор еңбек етті. Автокөліктің алғашқы шығарылымы

7. Mazda 6



сыртқы дизайнымен және жолаушыларды ыңғайлы тасымаудағы арнаған кең функцияларды интерьерімен ұнайды деп жоспарланады. Сондай-ақ бұл машина заманауи қауіпсіздік стандарттарына толығымен сәйкес келеді, тіпті оны отбасылық седан деп атауға болады.

2. Citroen C4 Cactus



2020 жылдың екінші жартысында жарияланды және сатылымының бірінші күнінен бастап кроссовер нарықта алдыны орынға шықты. Сатып алушылар автомобильдің сыртқы көрінісін көңілге емес, қуатты мен жанармай тиімділігін де жоғары бағалауда.

Француздық автоөндірушінің жаңа кроссоверінде заманауи интерьер ерекше көзге түседі. Автокөліктің алғашқы шығарылымы

6. Volkswagen Scirocco



автокөлікте жеделдету және жанармайды үнемдеуге арналған қуат блогы орнатылған. Тіпті Volkswagen Scirocco-тың соңғы нұсқасында құрастырылған Volkswagen Golf моделінен алынған 1.4 TSI қозғалтқышы мен 2.0 TDI қозғалтқышы қолданған екен.

1. BMW 2 сериялы Active Tourer



бірінші орынға шықты. Машинада жұмыс көлеміне сәйкес қозғалтқышының өкі нұсқасы, сондай-ақ өкілітпкік дизайны қозғалтқыштың толық жинақтығы бар. Осы үлгідегі дизайн, ыңғайлы интерьер және қолпайы баға автомобильге барлық санаттағы сатып алушының назарын аударуда.

Дайындаған Гүлдана НҰРТАЙҚЫЗЫ

АВТОКӨЛІК ТАРИХЫНДА СЫР КӨП

Қазіргі уақытта адамдар осынау ғажап өнертабыстың қызметін күнделікті пайдаланады. Тіпті, көлігі жоқ үйлерді сирек кездестіреміз. Бірақ сол «темір тулпардың» тарихы туралы білетіндер көп. Ал тарихты ақтарсақ, көптеген қызықты деректерді білуге болады. Солардың біршамасын оқырманға ұсындық, біле жүріңіз.



1. Рекордтың басы Rolls-Royce компаниясы алғашқы жұмыссыз авиатехника мен автомобильдерге арналған қозғалтқыштар дайындаудан бастаған. Оның негізін 1906 жылы Фредерик Генри Ройс пен Чарльз Стюарт Роллс қалаған. Кейіннен олар осы жұмыспен тоқтап қалмай, автокөлік құрастыруды іске асырамыз деп шешкен. Содан 1907 жылы Шотландияда өткен сынақта аталмыш компанияның Silver Ghost атты алғашқы көлігі 24 шақырымдық жолда рекорд орнатты, жеңіске жетеді.



ауа ағыны және «Поло» суық полярлық желмен байланысты.



5. Рекордтық сатылым 1954 жылы «Формула 1» жарысына қатысқан Mercedes-Benz W196R көлігі 2013 жылдың шілдесінде Боуидағы аукционда 30 миллион долларға сатылып, рекорд орнатқан. Оның алдында бұл рекордтың иесі 1957 жылғы жарысқа қатысып, Калифорния аукционда 16,4 миллион долларға сатылған «Ferrari Testa Rossa» көлігі болған.



2. Алғашқы қозғалтқыштар қалай жұмыс істеді? Ең алғашқы автокөліктердің қозғалтқышы 1769 жылдан бастап шыққан және бұмен жұмыс істеген. Ал 1807 жылдан бастап газбен жұмыс істейтін бірінші қозғалтқыш жарыққа шықты. Оның авторы – өнертапқыш Франсуа Исаак де Риваз. Ал қазіргі автокөліктердің прототипін 1886 жылы неміс құрастырушысы Карл Бенц жасаған. Ол көлік төрт цилиндр қозғалтқышпен, дискінің орнына сымтемірлер келіген дөңгелекпен және қуат бөлетін генератормен жабдықталған. Көлік «Benz Patent Motorwagen» деген атаумен тарихта қалды.



6. Рөлсіз көлік. Көлікті рөлсіз елестету мүмкін емес. Алайда ең алғашқы көліктерді рынақ арқылы басқарған. Рынақтың көрінісін мен функционалдылық қорылысы қазіргі оның джойстиктеріне ұқсайды.



3. Талантты адам — барлық жерде талантты Генри Форд бірден әлемдік брендке айналған автокөліктерді шығарумен айналыспаған. Жас кезінде ол мүлдем басқа іспен әуестенді — ағылшынша өз туған-туысқандары мен достары үшін сағат, бұралмалы шеге, әйелдерге ыңғайлы қас тергіш сияқты механизмдер ойлап тапқан. Оның жылдар бойы өнертабысы жемісті болып, Генри Фордтың атына 161 зат патенттелген.



7. «Халық автокөлігі» Volkswagen Beetle автокөлігі Адольф Гитлердің бұйрығы бойынша шығарылған. Оның жобасын Фердинанд Порше жасап шыққан және сыртқы дизайнын Гитлердің өзі ойлап табуы мүмкін деген нұсқа да бар. 1930-ыншы жылдардағы ең танымал «Volkswagen Beetle» неміс тілінен аударғанда «халық автокөлігі» дегенді білдіреді.

4. Табиғаттан үндескен Volkswagen автокөлігінің үлгілеріне жел атаулары берілген. Мысалы, неміс тілінен аударғанда «Passat» — тропикалық құрғақ жел, «Golf» — танымал Гольфстрим ағысы, ал «Jetta» — қуатты

8. Танымалдылықтың бір түрі. Көптеген танымал әндердің авторы, орындаушы және гитарист Bob Marli бір кездері BMW компаниясының ең танымал көлігін сатып алған. Алайда, ол көлікті бөлінеме байланысты емес, ямайалық ретті-тобының аты-жөні өзінің атына сәйкес көліктің, ерекшеленуі үшін алған екен.

Ақтауда дзюдодан ерлер мен әйелдер арасындағы Қазақстан чемпионаты мәреге жетті. Төрт күнге созылған байрақты бәсекеге Нұр-Сұлтан, Алматы және Шымкент қалалары мен өліміздің 14 облысынан 273 татами шебері өзара бақ сынады. Жарыс нәтижесінде жалпы медаль кестесінде Шығыс Қазақстан облысының командасы көш бастады. Олар 2 алтын, 3 күміс және 2 қола жүлдемен екінші орынға жайғасты. 2 алтын, 1 күміс және 2 қола жүлде иеленген Алматы облысының құрама командасы үздік үштікті қорытындылады. Ал қызылордалық дзюдошылар 1 алтын, 2 күміс, 3 қола жүлдемен үздік бестікке өнді. Биылғы ел біріншілігі алғашқыда Шығару қаласында өтеді деп жоспарланған. Пандемияға байланысты уақыты мен өтетін орны елордаға ауыстырылған. Ақтауда өткізілу туралы шешім соңғы бір ай ішінде қабылданып, жарыс қарт Каспийде өтті.

СЫР БАЛУАНДАРЫ БЕСТІКТЕ



Бәсеке барысында мына балуандар жеңіс туғырынан көрінді:

Ерлер

60 келі: 1. Мағжан Шамшадин (Қызылорда), 2. Дамир Болатбеков (Алматы облысы), 3. Тоқтар Үміталиев (БҚО) пен Ержан Еренгайыпов (Қарағанды).

66 келі: 1. Данияр Шамшаев (Жамбыл), 2. Ғұсман Қырығбаев (Алматы қаласы), 3. Айболат Ыстыбаев (Атырау) пен Ғұмар Қырығбаев (Алматы қаласы).

73 келі: 1. Жансай Смағұлов (Қарағанды), 2. Аңсарбек Ғайнуллин (БҚО), 3. Ерлан Серікжанов (ШҚО) пен Асқар Нарқылов (Алматы қаласы).

81 келі: 1. Мәди Амангелдиев (Нұр-Сұлтан), 2. Абылайхан Жұманазар (Қызылорда), 3. Руслан Мұсаев (Маңғыстау) пен Ерахан Нұридін (Түркістан).

90 келі: 1. Дидар Хамза (Түркістан), 2. Ерсұлтан Мұзафаров (Шымкент), 3. Асланбек Сағитбеков (Қостанай) пен Әділет Мисин (Ақтөбе).

100 келі: 1. Ислам Бозбаев (Қарағанды), 2. Айбек Серікбаев (Қызылорда), 3. Серік Салменов (Павлодар) пен Арман Қалиев (Атырау).

+100 келі: 1. Әділ Оразбаев (ШҚО), 2. Ерасыл Қажыбаев (ШҚО), 3. Ғалымжан Қырықбай (Жамбыл) мен Еламан Ергалиев (Қызылорда).

Әйелдер

48 келі: 1. Ақмарал Науатбек (Нұр-Сұлтан), 2. Ғалия Тынбаева (Алматы қаласы), 3. Маргарита Бажаева (Қарағанды) мен Әбиба Әбужақынова (Атырау).

52 келі: 1. Нұрсұлу Ералиева (Алматы облысы), 2. Анна Казюлина (Маңғыстау), 3. Гүлдана Алмаханбетова (БҚО) мен Құндыз Жылқыбай (Қызылорда).

57 келі: 1. Севара Нишанбаева (Шымкент), 2. Бақыт Құмақбаева (Ақтөбе), 3. Нұржамал Жарманова (Ақтөбе) мен Гүлназ Нұридинова (Алматы облысы).

63 келі: 1. Иоланта Бердібекова (Алматы қаласы), 2. Кристина Сотникова (ШҚО), 3. Саера Мырзахметова (Алматы қаласы) мен Зарина Сарипова (ШҚО).

70 келі: 1. Зере Бектақызы (ШҚО), 2. Перизат Жақыпбекова (Түркістан), 3. Жанар Қашқын (Алматы облысы) мен Даяна Талғат (Алматы қаласы).

78 келі: 1. Зарина Райфова (Алматы қаласы), 2. Назерке Тілеуханова (ШҚО), 3. Мадина Парагулгова (Алматы қаласы) мен Аяла Мереке (Ақтөбе).

+78 келі: 1. Камила Берліқаш (Алматы облысы), 2. Назгүл Маратова (СҚО), 3. Ақмарал Рамазанова (Алматы қаласы) мен Нұрғаным Тұршабекова (Қызылорда).

«ҚАЙСАР» ДАЙЫНДЫҚТЫ БАСТАДЫ

Қызылордалық «Қайсар» жаңа маусымға дайындығын бастады. Жаңадан тағайындалған бас бапкер Сұлтан Әбілдаев өзге бапкерлерге қарағанда ерте қимылдады. Ел клубтары жылдағы өдетіне орай оқу жаттығу жиынын қаңтар айында бастайды. Әбілдаев бапкер желтоқсандағы жаттығуға 18 футболшыны шақыртыпты.



Қақпашылар: Нұрымжан Салайдын, Нұрмат Серсенев;
Қорғаушылар: Олжас Алтаев,

Алдан Балтаев, Абылайхан Төлегенов, Руслан Дүйсенбаев, Елжас Сарбаев,

Ерболат Серік, Айбол Жахаев;
Жартылай қорғаушылар: Думан Нәзірлідаев, Ислам Әбілқасов,

Ерболат Рүстемов, Бекзат Құрманбекулы, Аян Құлмағанбетов, Бауыржан Мағжан;

Шабуылшылар: Өркен Махан, Шоқан Абзалов, Елжас Алтынбеков. Айтпа кетейік, командаға қосылатын өзге футболшылар қаңтар айындағы оқу-жаттығу жиынында қосылады.

ҚЫМБАТ ФУТБОЛШЫЛАР ҚАЗАҚСТАНҒА КЕЛЕДІ

«Ақмешіт жастарының» өткен санында 2022 жылы Катарда өтетін әлем чемпионатының іріктеу кезеңінде Қазақстан ұлттық құрамасы D тобында өнер көрсететінін хабарлағаныз.

Жеребе тартылып, қарсыластар анықталған бетте немістердің Transfermarkt веб-сайты әр мемлекеттің ұлттық құрамасы сапындағы ойыншыларының қазіргі кездегі трансферлік құнын анықтаған екен. Бізге керек – D тобы. Бұл топта Францияның алдына түсетін ешкім жоқ. Айтулы команда сапындағы аяқ доп шеберлерінің жалпы құны 1,05 миллиард еуроны құрап отыр. Солардың арасындағы Килиан Мбаппенің бағасы бөрінен де жоғары. Парикидің «ПСЖ» клубы сапында жасындай жарқырап жүрген жас

жұлдыздың құны – 180 миллион. Одан кейінгі сатыларға мына ойыншылар жайғасты: Поль Погба мен Антуан Гризманы (80 миллион), Рафаэль Варан мен Нголо Конте (70млн.), Антони Марсьяль мен Аю Упамекано (60млн.),

Клеман Лангле, Лука Эрнандес, Уссем Ауар, Эдуардо Камавинга (50 млн.) және Бенжамен Павар (45 млн.).

Украина құрамасы 101,20 миллион еуроға бағаланды. Құндылар қатарында мына ойыншылар бар: Руслан Малиновский (21 млн.), Александр Зинченко (20 млн.), Виктор Цыганков (19 млн.), Виталий Миколенко (13 млн.), Роман Ярмчук (11млн.), Микола Матвиенко (9 млн.), Тарас Степаненко (8 млн.), Андрей Ярмоленко, Марлос, Владислав Супряга (7 млн.).

Босния мен Герцеговина құрамасының құны – 95,58 миллион еуро шамасында. Сол елдің ең үздік өрені Миралем Пьянич 50 миллионға бағаланып отыр. Эдин Вишча (12,50 млн.) және Сеад Колашинац пен Эдин Джеко (10 млн.) сынды жігіттер де арзан

тұрмайды. Финляндияның командасының құны – 36,1 миллионды құрайды. Суми елінің екілері арасында ең бағалысы – Лукаш Градецкий (8 млн.).

Қазақстан құрамасының құны – 21,2 миллион еуро шамасында. Жерлестеріміздің арасында Бақтияр Зайнутдиновтың шоқтығы биік. Мәскеудің ЦСКА-сы сапында өнер көрсететін ол 2 миллионға бағаланды. Одан кейінгі орындарда Бауыржан Исламхан мен Дмитрий Шомко (1,8 млн.), Стас Полатилов, Нұралы Әліп, Исламбек Қуат, Роман Муртазаев (1,5 млн.), Гафуржан Сүйімбаев (1,3млн.), Абзал Бейсебеков мен Сергей Малый (1,2млн.), Дмитрий Мирошниченко (1,1 млн.), Дмитрий Владислав Темірлан Ерманов, Айбол Әбікен, Юрий Перцух және Абат Айымбетов (1 млн.).

ҚОҢҚАБАЕВТА ҚОС ЖЕҢІС

Қызылордалық боксшы Қамшыбек Қоңқабаев (1-0, 1 KO) өткен аптада кәсіпқой рингтегі екінші жекпе-жегін өткізді.



Ол украиналық Сергей Радченкомен (7-6, 2 KO) қолғап түйістірді. Супер ауыр салмақтағы айқас сегіз раунд деп белгіленді. Бірақ ол төрт раундтан кейін тоқтады. Себебі төртінші раундта Радченко ноқдауға түсіп қалды. Сондықтан Сергей жекпе-жекті әрмен қарай жалғастырудан бас тартты. Осылайша Қамшыбек Қоңқабаев қарсыласын техникалық нокаутпен жеңді.

Бұл – Қамшыбектің кәсіпқой рингтегі екінші жеңісі. Екеуін де нокаутпен ұтты.

Айтпа кетейік, қазақстандық былғары қолғап шебері Қамшыбек Қоңқабаев кәсіпқой бокстағы алғашқы жекпе-жегін былғары тамыз айында Иса Ақбербаевқа қарсы өткізген еді. Кәсіпқой бокста жекпе-жек өткізгеніне қарамастан ол аталған дүбірлі додада бақ сынау мүмкіндігін жоғалтқан жоқ.

ЖАҢА РЕКОРД

IBF/IBO нұсқасы бойынша орта салмақтағы әлем чемпионы Геннадий Головкин (40-1-1,35 KO) қарсыласы Камил Шереметаны (21-0, 5 KO) техникалық нокаутпен жеңді.



Головкин-Шеремета жекпе-жегі тартысты өтті деп айтуға келмейді. 1 және 2-раундта-ақ Геннадийдің ауыр соққысынан Камил ноқдау алып қалды. Ал үшінші раундта Головкин шабуыл қарқынын төмендетіп, қарсыласының жудырықтауына мүмкіндік бергендей көрінді. Төртінші және жетінші раундтарда Польша боксшысы ауыр соққы алып, төреші есеп ашты. Ал 8-раунд басталар алдында Камил Шереметаның бапкерлері боксшысын шаршы алаңға шығарудан бас тартты.

Осылайша Геннадий Головкин кезекті жеңісіне қол жеткізіп, 21-мәрте чемпиондық белбеуін қорғап, жаңа рекорд орнатты. Еске салсақ, бұл жекпе-жекте IBF және IBO нұсқалары бойынша орта салмақтағы әлем чемпионының титулы сарапқа салынды. Сонымен қатар қазақстандық боксшы Геннадий Головкин Камил Шереметамен жекпе-жек алдындағы баспасөз конференциясында бірқатар сұраққа жауап беріп, өзінің спорттағы арманы туралы айтты.

ҚҰҚЫҚТЫҚ СТАТИСТИКА ЖӘНЕ АРНАЙЫ ҒЕСЕПКЕ АЛУ ОРГАНДАРЫ ҚАНДАЙ ҚЫЗМЕТ КӨРСЕТЕДІ?

Құқықтық статистика және арнайы есепке алу органдары мемлекеттік қызметтің 4 түрі бойынша қызмет көрсетеді:

- соттылық туралы анықтама беру;
- өкімшілік құқық бұзушылықтар туралы анықтама беру;
- мұрағаттық анықтама беру;
- прокуратура органдарынан, тергеу және анықтау органдарынан шығатын ресми құжаттарға апостиль қою туралы анықтама беру.

Мемлекет Басшысының мемлекеттік қызметті электрондық форматқа көшіру тапсырмасын іске асыру шеңберінде аталған мемлекеттік қызметтердің үш түрін автоматтандыру және оңтайландыру жөнінде бірақтар іс-шаралар жүргізілді.

«Соттылықтың болуы немесе болмауы туралы анықтама беру» мемлекеттік қызметі толық автоматтандырылды.

Құжаттарды қабылдау және мемлекеттік қызметтерді көрсету нәтижесін беру www.egov.kz «Электрондық үйімет» веб-порталы (портал) арқылы альтернативті түрде де, сонымен бірге анықтаманы қағаз үлгісінде алу қажет болған жағдайда мемлекеттік корпорация арқылы жүзеге асырылады.

Сонымен бірге қызметтерді оңтайландыру шеңберінде азаматтарға жылжымалы жүйенің абоненттік қондырғысы арқылы, яғни mGov порталының мобильдік қосымшасы арқылы электрондық анықтама алу мүмкіндігі берілген.

Бұдан бөлек, азаматтар шетелге шығу үшін анықтама сұрауды портал арқылы жүзеге асыра алады. Бұл қызмет түрін бұрын мемлекеттік корпорацияға бару арқылы (қағаз вариантта) алу мүмкін болатын.

«Электрондық анықтаманы «EgovKzBot» Telegram бот көмегімен алуға болады.

Анықтама алу үшін «Мобильді азаматтар базасынан» (МАЗ) тіркелу қажет. Бұл үшін egov.kz порталында жеке кабинетке тістүі деректер енгізіледі.

Анықтама алу үшін Telegram мессенджерді жүзеге керек. «EgovKzBot» іздеу жолына енгізу, енгізу/айта енгізу. Өзі қарай «Қызметтер» бағынанда «Соттылықтың болуы немесе болмауы туралы анықтама беру» атты сервисі таңдау, содан кейін азаматқа растау коды көрсетілген SMS хабарлама келеді, коды енгізгеннен кейін соттылықтың болуы немесе болмауы туралы анықтама беріледі.

Сондай-ақ порталда электрондық анықтаманы ЭЦҚ қоймай-ақ «Бір реттік SMS паролін» сервисі» көмегімен алуға болады.

Сонымен қатар порталда «Үйішіші тұлғалардың анықтама алу сервисі» жүзеге асырылған. Үйішіші тұлғаның электрондық сұрау салуы өзіне қатысты мәліметтер сұратылып отырған адам порталда жеке кабинеттен, сондай-ақ порталда тіркелген адамның ұялы байланыстың абоненттік нөмірі арқылы порталдың хабарламасына жауап ретінде бір реттік паролді жіберу арқылы электрондық хабарлама жіберу жолымен келісім берген жағдайда орындалады.

Осындай қызметті алудың негізгі шарты МАЗ-қа тіркелу болып табылады. МАЗ-қа тіркелу үшін қызмет алушыға порталдағы «жеке кабинетке» «телефон» деген бағанда телефон нөмірін көрсету керек немесе ЖСН-ді мемлекеттік корпорацияның кез келген фронт-офисіне тіркеу қажет.

«Комитеттің және оның аумақтық басқармаларының мұрағаты шеңберінде мұрағаттық анықтама беруге және/немесе мұрағаттық құжат көшірмелерін беру» мемлекеттік қызметі ішінара автоматтандырылған.

«Прокуратура органдарынан, тергеу және анықтау органдарынан шығатын ресми құжаттарға апостиль қою мемлекеттік қызметті көрсету үшін көрсетілетін қызметті алушы ұсынған өтініші және (немесе) талап етілетін құжаттарды және (немесе) мәліметтерді алған күннен бастап «бір өтініш» қағидаты бойынша көрсетілетін қызметтердің құрамына кіретін

мемлекеттік қызметтер көрсетудің тәртібін реттейтін заңға тәуелді нормативтік құқықтық актілерге сәйкес мемлекеттік бақ алынады. «Прокуратура органдарынан, тергеу және анықтау органдарынан шығатын ресми құжаттарға апостиль қою» мемлекеттік қызметтің қызметі үшін мемлекеттік бақ төлемі «электрондық үйіметтің» төлем шешімі (СҮТШ) немесе өкімші деңгейдегі банктер арқылы жүзеге асырылады.

Портал арқылы «бір өтініш» қағидаты бойынша көрсетілетін қызметті алу үшін электрондық өтінім берілген жағдайда, көрсетілетін қызметті алушы қағаз нысанында «бір өтініш» қағидаты бойынша көрсетілетін қызметтің нәтижесін алу үшін порталда шетел мемлекетінің («бір өтініш» қағидаты бойынша көрсетілетін қызметтің нәтижесін ұсыну елі) атауын және мемлекеттік корпорация филиалын қосымша тандайды. Мемлекеттік қызметтерді көрсету мерзімі келесідей:

- соттылықтың болуы туралы анықтама беру:

1) құжаттар топтамасын мемлекеттік корпорацияға тапсырған кезден бастап, сондай-ақ порталға жүгінген кезде – 10 (он) минут;

2) қосымша анықтамалық тексеріс жағдайында – 5 (бес) жұмыс күні;

3) шетелге шыққан жағдайда: - облыс орталықтарында, республикалық маңызы бар қалаларда және астанада орналасқан мемлекеттік корпорация филиалдарының бөлімдеріне жүгінген кезде – 5 (бес) жұмыс күні;

- Мемлекеттік корпорация филиалдарының басқа бөлімдеріне жүгінген кезде – 10 (он) жұмыс күні;

2) құжаттар топтамасын тапсыру үшін күтудің ең ұзақ мерзімі – 15 (он бес) минут;

3) қызмет көрсетудің ең ұзақ жол уақыты – 15 (он бес) минут.

Құжаттарды қабылдау күні мемлекеттік қызмет көрсету мерзіміне кірмейді.

Көрсетілетін қызметті алушыға қосымша анықтамалық тексеріс жүргізілген жағдайда, 4 (төрт) жұмыс күні ішінде көрсетілетін қызметті беруші өтінішті алған кезден бастап 20 (жырма) жұмыс күні өткеннен кейін қайта жүгінуге қажеттілігі туралы хабарланатын аралық жауап жолданады;

- өкімшілік құқық бұзушылықтар туралы анықтама беру – 15 (он бес) минут;

- мұрағаттық анықтама беру – Құжаттар топтамасын мемлекеттік корпорацияның астанада және республикалық маңызы бар қалаларда, облыс орталықтарында орналасқан филиалдарының бөлімдеріне тапсырған кезден бастап, сондай-ақ портал арқылы жүгінген кезде – 8 (сегіз) жұмыс күні;

Мемлекеттік корпорация филиалдарының басқа бөлімдеріне жүгінген кезде – 10 (он) жұмыс күні;

құжаттар топтамасын тапсыру үшін күтудің ең ұзақ уақыты – 15 (он бес) минут;

қызмет көрсетудің ең ұзақ уақыты – 15 (он бес) минут;

- прокуратура органдарынан, тергеу және анықтау органдарынан шығатын ресми құжаттарға апостиль қою туралы анықтама беру мемлекеттік корпорацияның облыс орталықтарында, республикалық маңызы бар қалаларда және астанада орналасқан филиалдарының бөлімдеріне тапсырған күннен бастап – 5 (бес) жұмыс күні;

Мемлекеттік корпорация филиалдарының басқа бөлімдеріне тапсырған күннен бастап – 10 (он) жұмыс күні;

2) құжаттар топтамасын тапсыру және құжаттарды алу кезінде кезекте күтудің ең ұзақ уақыты – 15 (он бес) минут;

3) қызмет көрсетудің ең ұзақ уақыты – 15 (он бес) минут.

Д.АҚЫЛБЕКОВА, КРП ҚСЖАЕК-нің Қызылорда облыстық саласында құқықтық ақпаратты қалыптастыру бөлімінің прокуроры

ҚОҒАМ – РУХАНИ АЗЫҚҚА ЗӘРҮ



Бүгінде адамзат апаратын күн көре алмайды. Барлығымыз ақпаратқа, рухани азыққа зәруміз. Сондықтан газеттің адам өмірінде алар орны

ерекше. Алаш қайраткері Ахмет Байтұрсынұов: «Газет – халықтың көзі, құлағы һәм тілі. Адамға көз, құлақ, тіл қандай керек болса, халыққа газет сондай керек. Газеті жоқ жұрт басқа газеті бар жұрттардың қасында құлағы жоқ керен, тілі жоқ мылқау, көзі жоқ соқыр секілді» деген мағыналы сөз айтқаны бекем емес.

Соңғы уақытта қоғамда «газетті өшім оқымайды» деген пікір қалыптасқаны жасырын емес. Осы тұста оқырмандарға айта-арай, II ғасырдан бері жарыққа шыққан «The Times» секілді басы-лымдар осы уақытқа дейін неге жабылып қалмады?! Керісінше Ұлыбританияда

бұл басылымның беделі жыл санап артуда. Дамыған елдер керісінше, халықты газет оқуға шақырып, түрлі шаралар ұйымдастыруда. Газет ашық келетіндерге де қолдау жоғары. Біздің еңірдің де басылымдарының берері көп. Түрлі сала мамандарының қызметін айшықтап, жетістігімен жігерлендіреді. Көштен қалмас үшін, рухани байлығымызда арттыруда облыс басылымдарының халыққа берері мол.

Айнұр СЕЙІТҚАСИМОВА, Қызылорда қаласы Полиция басқармасы, анықтау бөлімінің аға анықтаушысы, полиция майоры

ЖАС ТА БОЛСА БАС БОЛҒАН



Өйлігі неміс ойшылы Артур Шопенгауэр «Газет – тарихтың секундтық стрелкасы» деген болатын. Одан бері де үш ғасыр сырып өте шықты. Ал, баспасөздің ел өміріндегі алатын орны жайлы сөз болғанда Ахмет Байтұрсынұлының «Газет – халықтың көзі, құлағы һәм тілі» деген тоқтамын

тағы да бір қайталауға тура келеді. Өрден оранатып отырғандары айтпаймы, жалпы, «Сыр медиа» ЖШС құрылғалы аймақтағы баспасөз мәселесі бір жолға түсті деуге болады. Ұлт ардақтысы айтқан сөздің үлесінен шыға білген, дәл осы медиа серіктестіктің бір қанаты іспетті қиыға құлаш сермеп келе жатқан жас газет – «Ақмешіт жастарының» тұрақты оқырманы ретінде айтармын, жас та болса бұл басылымның көкелген ұрпақ тәрбиесіне, жастардың көкірегіне жан-жақты кеңейтуге қосып жүрген үлесі зор. Қоғамдағы барлық мәселелерге үн қоса білетін бұл жасшылар газет аз ғана уақыт ішінде өз позициясын айқындап, бүгінде жастардың сүйікті басылымына айналды. Мен жұмыс атқаратын «Өркеніет» медицина колледжі үшін де бұл газеттің орны ерекше.

Өйткені баспасөз халықты рухани баулауға қалыптастырып, үзіліп қалған байланыстарды жалғайтын, сондай-ақ ел мен елдің арасындағы достық қарым-қатынасты орнатудың көптірі әрі жаршысы екені сөзсіз. Оны бітіні дамыған ғаламтор желісімен салыстыра алмаймыз. Себебі, ғаламторда ұлттық немесе этикалық сүзгінің болмайтыны ақиқат. Осы тұрғыда бұл газетті көтерген жүгі, көздеген мақсаты осал емес деуге болады. Ендеше «Ақмешіт жастарының» тарих беттерінде алынған өрлеп жазылып қалатын жасқалықтардың, игілікті істердің жаршысы бола беруге тілектесмін.

Нұрсұлтан ҚАЙНАЗАРОВ, «Өркеніет» медицина колледжі директорының тәрбие ісі жөніндегі орынбасары

ДӘСТҮР ДАҒДЫҒА АЙНАЛСА...



Осыдан біраз жыл бұрын қоғамда газет, кітап оқу мәдениеті жоғары еді. Біздің күніміде алта сайын келетін «құтты қонақ» қуана қарсы алып, алдымен үлкендер оқиды деген

тәртіппен үйге қарай алып-ұшатынбыз. Бір қызығы, сол уақытта газеттің барлық бетіне түгел көз жүгіртіп, содан соң дастарқан басында талпылау ең жақсы дәстүр болатын.

Қазіргі таңда мен колледжі студенттерімен бірге түрлі тақырыпта тәрбие жұмыстарын жүргізіп, білім сапасына жіті мән беруді дағдыға айналдырдым. Жаңа ғасырды технологиялар уақыты десек, жастардың смартфон мен компьютерге деген қызығушылығы жоғары екені айтпаса да түсінікті. Цифрлы дәуірде олардың желіні көп пайдаланғаны үшін де қиналауға болмас. Бірақ жастардың басылымнан

бірте-бірте алысқапал бара ұшатынынбыз. Бір қызығы, осы орайда газет оқу дәстүрі мен технологияның тіліп білуді бірқалыпты ұстап, күнделікті дағдыға айналырға алсақ, қандай ғанибет?! Міне, баспасөзге жазылу науқаны аяқталып келеді. Колледжідегі оқытушылар мен студенттерді түгел құлақтандырып шықтым. Жазылушылар тізімі толыға түсті. Мұның өзі басылымның қадірі ешқашан жоғалмайтынын көрсетсе керек.

Олжас РАМАЗАНОВ, «Болшақ» жоғары колледжі директорының тәрбие-ісі жөніндегі орынбасары

Кезекші редактор: М.КЕНЖЕҒҰЛОВА

ТОҚТЫ
Апта біршама қызықты идеяға толы болады. Оны тезірек жүзеге асыруға тырысыңыз. Үлкен нәтижеге қол жеткізу үшін көп еңбектену қажет. Ал бұл апта іскерлік байланысты нығайтуға қолайлы.

ТОРПАҚ
Позитивке толы уақыт жетті, сондықтан күтпеген жылындықты тез ері оңай шешесіз. Ұяқарғаныз түсетін. Бастысы, өзіндік дұрыс деп тапқан жолдан айнымаңыз. Көптеген адамға жақсы әсер қалдырып, олардың өміріне өзгеріс әкелуіңіз бек мүмкін.

ЕГІЗ
Ұсақ-түйекке бола жүйкеңізді жұқартпаңыз, қиындықтың барлығы аз уақыттың ішінде шешімін табады. Бұл аптада сәтті қадамдар жасалады. Таңаларлық оқиға, күтпеген жағдайлар орын алуы мүмкін. Соның өсерінен көптеген адамға басқаша көзқараспен қарай бастайсыз.

ШАЯН
Апта жаңа таныстық үшін өте қолайлы болады. Жаңыңызға жақын жанмен алдағы күндерге жоспар құрасыз. Осы тұста кедергіні жеңуге жәрдемдесетін адамдар пайда болады. Бастысы, отбасыңызға көңіл бөлуді ұмытпаңыз.

АРЫСТАН
Аптаның әр күні сізді ерекше қуантады. Жаңыдарыңыз тарапынан жақсы жаңалық естіп, үнемі көтеріңкі көңіл-күймен жүресіз. Сондай-ақ достарыңызбен тату қарым-қатынас орнатуға сәтті апта болады. Қаржы мәселесі де тез арада шешімін тауып, жаңа бастамаларға ден қоясыз.

БЕКЕШ
Күтпеген кездесулер орын алып, іскерлік қарым-қатынастың шаруа оңайланады. Сол үшін басыңыздан өткен жағдайды дұрыс бағамдаңыз. Аптаның жарың тұстарын қызықты өткізесіз, кемесі тұстары сізге кері әсер етпейді, тек сол іске ден қойыңыз. Қаржылық мәселе де жылдам шешіледі. Бастысы, шынайы қалпыңызды жоғалтпаңыз.

ТАРАЗЫ
Аптада көптен армандаған тілегіңіз орындалады. Өзіндік бақытты сезініп жүресіз. Бұрын қолға алуға қаймыққан істерді қайта жандандыруыңыз мүмкін. Өзі жанданған кәсіп бастап, тұрғындарға қуаныш сыйлауға сізге орайлы мүмкіндік туып тұр.

САРЫШАЯН
Шығармашылық қабілетіңізді көрсететін орайлы уақыт туып тұр. Өте маңызды істе жолыңыз болады. Сол үшін уақытыңызды берілімдей, тек сол іске ден қойыңыз. Қаржылық мәселе де жылдам шешіледі. Бастысы, шынайы қалпыңызды жоғалтпаңыз.

МЕРГЕН
Бұл аптада шығын көлемі азайып, біршама қарыздан құтыласыз. Жоғарыларыңа қатысты өзгеріс енгізеңіз, қолға алған жаңа жобаның нәтижесі болмақ. Бастысы, ұсақ-түйекке көп мән бермей, ірі жобаларға көңіл бөліңіз.

ТАУЕШКІ
Жаңа аптада керемет мүмкіндік күтіп тұр. Жуық арада өзіңіз жоспарлаған саяхатқа жолға шығасыз. Сол үшін өз саланызда белсенділікті арттырған абзал. Аптаның екінші жартысында кейбір жаңаларға қатысты ойыңыз өзгеріп, жақын адамдардың өмірін жақсартуға үлес қосасыз.

СУҚҰЙҒЫШ
Сізді жұмыс барысында сәтті кездесу мен табысты шешім күтіп тұр. Осы уақытта дейін көп күш жұмсаған істі де абыроймен аяқтайсыз. Бастысы, өзінше және болашаққа деген сенімді жоғалтпаңыз. Апта бойы көңіл-қуаныш көтеріңкі жүреді.

БАЛЫҚ
Апта жағымды жаңалық пен қуанышты оқиғадан басталады. Уақытыңызды жақсыдан арнау үшін жұмыс барысында жауапкершілік артаудан аулақ болыңыз. Күнделікті жоспарды қадағалап, өткен күнді ой елегінен өткізуді әдетке айналдырыңыз.

АҚМЕШІТ жастары

Газет Қазақстан Республикасының Мәдениет және ақпарат министрлігінің Ақпарат және мұрағат комитетінде тіркелу алынған, №13844-Г куәлігі 26.08.2013 жылы берілген. «Ақмешіт жастары» облыстық газеті КР СТИ ИСО 9001-2009 «Сапа менеджменті жүйесі» талаптарына сәйкес сертификатталған.

Меншік иесі: «Сыр медиа» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі

БАС ДИРЕКТОР
Аманжол ОҢАРАБАЕВ

Қабылдау бөлмесі:
тел/факс: 40-11-10

БАС РЕДАКТОР
Айжан АБДУЛЛАЕВА

Газет әр аптаның бейсенбі күні шығады. Қолжазбалар еңделеді және қайтарылмайды. Жарияланымдар газеттің түпкілікті көзқарасын білдірмейді. Газет редакцияның компьютер орталығында теріліп, беттеліп «ASU баспа үйі» ЖШС сенімгерлік басқарушысы «Сыр медиа» ЖШС баспаханасында басылды. Қызылорда қаласы, Бейбарыс Сұлтан көшесі, 4А.

Индекс: 65425. Редакцияның мекен-жайы: 120018
Қызылорда қаласы, Бейбарыс Сұлтан көшесі, 4А
e-mail: aqmeshit_zhastary.kz@mail.ru
Instagram: [@aqmeshit_zhastary](https://www.instagram.com/aqmeshit_zhastary/) / сайт: aqmeshit_zhastary.kz

Тарапымы: 8091
Тапсырыс № 736